



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына
сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудиторлардың есебі**

2014 жылғы 31 желтоқсан



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Біз 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан былай, «Холдинг») ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда Холдинг басшылығының жауапкершілігі

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Тандалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған шоғырландырылған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.



Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

Пікір

Пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Холдингтің 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Өзге мәліметтер



Холдингтің 2013 жылдың 31 желтоқсанына және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін өзінің 2014 жылдың 14 мамырында берген есебінде аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілік жөнінде сөзсіз оң пікірін білдірген басқа аудитор өткізген болатын.



Ирматов Р.И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген
№ МФ-000053 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия



Нигай А.Н.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры

2015 жылдың 24 сәуірі

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп	2
Басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	7

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе	9
2	Холдингтің қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта	11
3	Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау	12
4	Есептік саясатты қолдануда маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдар	27
5	Жаңа есептік ережелер	28
6	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	29
7	Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілген әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары.....	30
8	Банктердегі қаражат.....	31
9	Клиенттерге берілген несиелер	34
10	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар.....	42
11	Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	45
12	Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	48
13	Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	51
14	Инвестициялық мүлік.....	51
15	Негізгі құралдар	52
16	Материалдық емес активтер	53
17	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	53
18	Өзге қаржы активтері	54
19	Өзге активтер	57
20	Клиенттердің қаражаты	58
21	Шығарылған борыштық бағалы қағаздары	58
22	Реттелген борыш	60
23	Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	61
24	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған займдар.....	62
25	Өзге қаржылық міндеттемелер	62
26	Өзге міндеттемелер	63
27	Акционерлік капитал	64
28	Проценттік табыстар және шығындар	65
29	Комиссиялық табыстар және шығындар	66
30	Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан таза шығыс	67
31	Шетелдік валютамен операциялардан таза кіріс.....	67
32	Қаржылық міндеттеменің шарттарын өзгертуден түскен кіріс	67
33	Өзге операциялық табыстар және шығындар	68
34	Несиелік сипаттағы өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына резерв	68
35	Әкімшілік шығындар	69
36	Табыс салығы	69
37	Қаржы тәуекелдерін басқару	73
38	Шартты міндеттемелер.....	84
39	Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жатқызу	86
40	Туынды қаржы құралдары	88
41	Әділ баға.....	89
42	Бағалау санаттары бойынша қаржылық құралдарды ұсыну.....	98
43	Байланысты тараптармен операциялар	101
44	Бизнесті біріктіру	103
45	Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	105

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

(мыңдаған қазақстандық теңге)	Ескертпе	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	6	263,777,147	237,147,413
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7	38,175,605	27,010,660
Банктердегі қаражат	8	442,651,990	300,236,818
Клиенттерге берілген несиелер	9	1,071,335,028	651,492,567
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	10	363,961,744	533,950,157
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		701,124	477,708
Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек	11	26,122,360	16,161,514
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	12	14,595,693	14,521,025
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	13	3,724,560	7,239,202
Инвестициялық мүлік	14	1,516,868	7,394,240
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		12,789,939	8,009,659
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	36	6,486,752	12,502,739
Негізгі қаражат	15	13,233,229	11,778,522
Материалдық емес активтер	16	1,521,354	1,306,379
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	17	13,360,483	505,332
Өзге қаржылық активтер	18	18,183,615	9,193,962
Өзге активтер	19	32,777,623	26,148,851
АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		2,324,915,114	1,865,076,748
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Клиенттердің қаражаты	20	260,089,868	203,568,687
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары	21	505,668,105	344,602,388
Реттелген борыш	22	14,163,005	17,747,212
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	23	619,119,766	507,935,905
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған займдар	24	61,845,338	60,894,294
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме		220,590	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	36	7,116,637	157,338
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		706,654	402,504
Өзге қаржылық міндеттемелер	25	22,330,519	28,849,004
Өзге міндеттемелер	26	33,908,484	25,862,282
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		1,525,168,966	1,190,019,614
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	27	718,318,712	663,102,010
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв		(7,063,690)	858,444
«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «клиенттерге берілген несиелер» санатына ауыстырылған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	10	6,386,403	-
Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві		898,082	254,277
Хеджирлеу резерві		(348,584)	(330,923)
Бизнесі біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал		89,147,503	57,661,048
Өзге резервтер		24,618,200	24,381,818
Жинақталған тапшылық		(33,057,692)	(74,262,470)
Холдинг иелеріне тиесілі таза активтер		798,898,934	671,664,204
Бақыланбайтын үлесі		847,214	3,392,930
КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		799,746,148	675,057,134
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		2,324,915,114	1,865,076,748
Шығарылу үшін бекітілді және басқарма атымен 2015 жылғы 24 сәуірде қол қойылды.			
Бишімбаев Қуандық Уалижанұлы Басқарма төрағасы	Сейдіжоларова Динара Нұрланқызы Басқарушы директор - Басқарма мүшесі	Есенғараева Құралай Дамирқызы Бас бухгалтер	

9 – 105 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескертпе	2014	2013
Проценттік кірістер	28	128,508,820	104,432,495
Проценттік шығыстар	28	(60,489,744)	(56,566,481)
Таза проценттік кірістер		68,019,076	47,866,014
Несиелік портфельдің құнсыздануына резервті қалпына келтіру/(резервті есептеу)	9	1,690,961	(7,187,417)
Несиелік портфельдің құнсыздануына резервті жасағаннан кейін таза проценттік кірістер		69,710,037	40,678,597
Комиссиялық кірістер	29	4,152,503	3,229,370
Комиссиялық шығыстар	29	(1,425,948)	(3,769,709)
Таза комиссиялық кірістер/(шығыстар)		2,726,555	(540,339)
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан таза шығыс	30	(9,664,651)	(684,570)
Шетелдік валютамен операциялардан түсетін таза кіріс	31	14,271,917	116,123
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан таза (шығыс)/кіріс		(990,125)	2,914,262
Қаржылық міндеттеменің шарттарын өзгертуден түскен кіріс	32	-	22,868,022
Таза табылған сақтандыру сыйлықақылары		629,685	713,451
Сақтандыру төлемдері бойынша және резервтегі өзгерістер бойынша таза шығындар		(351,751)	(23,118)
Өзге операциялық кірістер	33	5,524,391	1,879,704
Өзге операциялық шығыстар	33	(2,062,699)	(2,006,925)
Операциялық табыстар		79,793,359	65,915,207
Несиелік сипаттағы өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына резерв	34	(302,426)	(5,980,318)
Әкімшілік шығындар	35	(27,774,776)	(21,203,115)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың қаржы нәтижесінің үлесі		(121,224)	167,516
Табыс салығын шегеруге дейінгі кіріс		51,594,933	38,899,290
Табыс салығы бойынша шығындар	36	(9,980,795)	(9,477,492)
ЖЫЛДЫҢ КІРІСІ		41,614,138	29,421,798
Мыналарға тиесілі кіріс/(шығыс):			
- Холдинг иелерінің		41,298,271	29,422,340
- бақыланбайтын үлес		315,867	(542)
Жылдың кірісі		41,614,138	29,421,798

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескертпе	2014	2013
ЖЫЛДЫҢ КІРІСІ		41,614,138	29,421,798
Өзге жиынтық шығыс:			
<i>Кейіннен кірістер не шығыстар құрамына қайта топтастырылуы мүмкін баптар:</i>			
<i>Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв:</i>			
- Қайта бағалаудан табыстарды шегере отырып шығындар		(2,246,625)	(19,574,348)
- Кіріске не шығысқа көшірілген табыстарды шегере отырып шығындар/(шығындарды шегере отырып табыстар)		990,125	(2,914,262)
Өзге жиынтық табыста тікелей көрсетілген табыс салығы	36	340,865	33,821
Шетелдік қызмет туралы қаржылық ақпаратты есептілікті ұсыну валютасымен қайта есептеу		643,805	125,336
Хеджирлеу құралдарымен операциялардан табыстарды шегере отырып іске асырылмаған шығындар		(17,661)	(173,151)
Клиенттерге берілген несиелердің құрамына қайта топтастырылған, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резервті амортизациялау		(477,429)	-
Жылдың өзге жиынтық шығысы		(766,920)	(22,502,604)
ЖЫЛДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ		40,847,218	6,919,194
Мыналарға тиесілі жиынтық табыстың барлығы:			
- Холдинг иелеріне		40,586,002	6,930,551
- бақыланбайтын үлеске		261,216	(11,357)
Жылдың жиынтық табысының барлығы		40,847,218	6,919,194

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

	Холдинг иелеріне тиесілі									
	Акционерлік капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал	Өзге резервтер	Жинақталған тапшылық	Барлығы	Бақыланбайтын үлес	Капиталдың барлығы
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>										
2013 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	-	23,302,418	128,941	(157,772)	676,575,094	22,568,900	(97,517,331)	624,900,250	1,427,845	626,328,095
Жылдың кірісі	-	-	-	-	-	-	29,422,340	29,422,340	(542)	29,421,798
Өзге жиынтық шығыс	-	(22,443,974)	125,336	(173,151)	-	-	-	(22,491,789)	(10,815)	(22,502,604)
Жылдың жиынтық табысының барлығы	-	(22,443,974)	125,336	(173,151)	-	-	29,422,340	6,930,551	(11,357)	6,919,194
Акционердің өзге салымдары	-	-	-	-	13,701,414	-	-	13,701,414	1,298,586	15,000,000
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна	30,486,550	-	-	-	-	-	-	30,486,550	-	30,486,550
Акциялардың эмиссиясы – еншілес кәсіпорындардың аударымы	632,615,460	-	-	-	(632,615,460)	-	-	-	-	-
Еншілес кәсіпорындарда бақыланбайтын үлестің өзгеруі	-	-	-	-	-	-	-	-	686,826	686,826
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	-	(875,227)	(875,227)	(8,970)	(884,197)
Аударымдар және өзге қозғалыстар	-	-	-	-	-	1,812,918	(5,292,252)	(3,479,334)	-	(3,479,334)
2013 жылғы 31 қаңтардағы қалдық	663,102,010	858,444	254,277	(330,923)	57,661,048	24,381,818	(74,262,470)	671,664,204	3,392,930	675,057,134

9 – 105 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Холдинг иелеріне тиесілі												
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Акционерлік капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «клиенттерге берілген несиелер» санатына қайта топтастырылған қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесі біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал	Өзге резервтер	Жинақталған тапшылық	Барлығы	Бақыланбайтын үлес	Капиталдың барлығы	
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	663,102,010	858,444	-	254,277	(330,923)	57,661,048	24,381,818	(74,262,470)	671,664,204	3,392,930	675,057,134	
Жылдың кірісі	-	-	-	-	-	-	-	41,298,271	41,298,271	315,867	41,614,138	
Өзге жиынтық шығыс	-	(860,984)	(477,429)	643,805	(17,661)	-	-	-	(712,269)	(54,651)	(766,920)	
Жылдың жиынтық табысының барлығы	-	(860,984)	(477,429)	643,805	(17,661)	-	-	41,298,271	40,586,002	261,216	40,847,218	
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна	45,000,000	-	-	-	-	-	-	-	45,000,000	-	45,000,000	
Бақыланбайтын үлестің салымдары (27-ескертпе)	-	115,907	-	-	-	(1,429,626)	(681,290)	4,888,887	2,893,878	11,349,922	14,243,800	
Еншілес кәсіпорындарда бақыланбайтын үлестің өзгеруі (27-ескертпе)	10,216,702	(181,622)	-	-	-	6,528,292	746,324	(5,020,511)	12,289,185	(12,289,185)	-	

9 – 105 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Холдинг иелеріне тиесілі											
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Акционерлік капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «клиенттер-ге берілген несиелер» санатына қайта топтастырылған қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтары-ның резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал	Өзге резервтер	Жинақталған тапшылық	Барлығы	Бақыланбайтын үлес	Капиталдың барлығы
Қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резервті аудару (10-ескертпе)	-	(6,863,832)	6,863,832	-	-	-	-	-	-	-	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша бұрын мойындалмаған міндеттемені мойындау	-	-	-	-	-	(2,678,018)	-	1,104,468	(1,573,550)	-	(1,573,550)
7,088,372 мың теңге мөлшерінде салықтарды шегере отырып, шығарылған қарыз бағалы қағаздар бойынша дисконтты мойындау(21-ескертпе)	-	-	-	-	-	28,353,490	-	-	28,353,490	-	28,353,490
Аударымдар және өзге қозғалыстар	-	(131,603)	-	-	-	712,317	171,348	(1,066,337)	(314,275)	(1,867,669)	(2,181,944)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	718,318,712	(7,063,690)	6,386,403	898,082	(348,584)	89,147,503	24,618,200	(33,057,692)	798,898,934	847,214	799,746,148

9 – 105 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп**

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2014	2013
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат		
Алынған проценттер	113,907,991	92,330,384
Төленген проценттер	(45,648,657)	(44,145,641)
Алынған комиссиялар	3,186,389	3,327,196
Төленген комиссиялар	(1,420,478)	(4,625,385)
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан таза шығыс	-	444,707
Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша алынған табыс/(төленген шығыс)	(19,181,637)	587,398
Шетелдік валютамен операциялардан таза кіріс	119,267	467,468
Бұрын клиенттерге жалға берілген активтерді өткізуден түсім	198,611	-
Алынған таза сақтандыру сыйлықақылары	592,655	-
Таза сақтандыру төлемдері	(118,030)	-
Өзге алынған операциялық табыстар	3,473,346	2,940,051
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар	(26,716,940)	(21,976,885)
Төленген табыс салығы	(8,021,433)	(6,069,894)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат	20,371,084	23,279,399
<i>Мыналар бойынша таза (өсу)/азаю:</i>		
- өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(10,297,598)	(5,510,904)
- банктердегі қаражат	(258,554,744)	(131,670)
- клиенттерге берілген несиелер	(240,374,916)	(143,125,254)
- қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	697,451	-
- кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	(221,305)	9,991,167
- өзге қаржылық активтер	2,729,407	3,397,651
- өзге активтер	(12,989,326)	221,559
<i>Мыналар бойынша таза (азаю)/өсу:</i>		
- клиенттердің қаражаты	53,225,286	62,458,392
- өзге қаржылық міндеттемелер	(168,500)	8,283,659
- өзге міндеттемелер	1,043,834	370,490
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат	(444,539,327)	(40,765,511)
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражат		
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(64,513,289)	(119,947,648)
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізу мен өтеуден түсімдер	144,186,490	154,957,902
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	-	(22,793,986)
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түсімдер	669,120	6,464,074
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(3,015,955)	(3,025,669)
Аяқталмаған құрылыс бойынша алдын ала төлем	(7,927,940)	-
Негізгі құралдарды өткізуден түсім	325,290	13,066
Алынған ақшалай қаражатты шегере отырып еншілес кәсіпорындарды сатып алу	-	2,004
Қауымдастырылған кәсіпорындарды сатып алу	(93,740)	-
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарды өткізуден түсім	200,895	-
Инвестициялық мүлікті өткізуден түсім	-	43,702
Алынған дивиденд	346,590	-
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат	70,177,461	15,713,445

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескер- тпе	2014	2013
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражат			
Банктерден және өзге қаржы институттарынан займ алу		74,017,300	14,867,251
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдарды өтеу		(37,314,454)	(144,455,916)
Реттелген борышты алу		-	26,649,402
Реттелген борышты өтеу		(3,953,782)	(1,373,109)
Жай акциялардың эмиссиясы		45,000,000	30,486,550
Шығарылған қарыз бағалы қағаздардан түсімдер		297,201,358	74,312,565
Шығарылған қарыз бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу		(9,497,430)	(22,375,156)
Бақыланбайтын үлестің салымдары		14,243,800	-
Акциялардың эмиссиясынан, өзге жарналар		-	15,400,000
Төленген дивидендтер		-	(875,235)
Дивидендтерден басқа, акционерлерге өзге төлемдер		-	(4,663,065)
Қаржылық қызметтен түскен/(қаржылық қызметте пайдаланылған) таза ақшалай қаражат		379,696,792	(12,026,713)
Айырбастау бағамы өзгерістерінің ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына ықпалы		21,294,808	2,421,527
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза өсуі/(азаяуы)		26,629,734	(34,657,252)
Жылдың басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	6	237,147,413	271,804,665
Жылдың соңында ақшалай қаражат және олардың баламалары	6	263,777,147	237,147,413

1 Кіріспе

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (әрі қарай, «Холдингтік компания») қаржылық есептілігін және оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай, «Холдинг») қаржылық есептілігін қамтиды.

Холдинг «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің түпкілікті бақылайтын тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Негізгі қызметі

Холдингтің миссиясы шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау, ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оны әртараптандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және оның еншілес кәсіпорындарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Холдинг Президенттің «Нұрлы жол» Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қолжетімді баспана – 2020» және «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту» бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы даму институттары арқасында мемлекеттің стратегиялық және елеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысады.

Өз қызметінде Холдинг индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын алға жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді жүзеге асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.

Холдингтің негізгі мақсаттары мен міндеттері мынадай:

- тиімді тәуекел менеджмент жүйесін енгізу;
- айқындылықты және халықтың сенім деңгейін арттыру;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің синергиялық нәтижесін қамтамасыз ету;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру/шығынсыздық қағидасы;
- қосымша инвестицияларды тарту;
- жеке сектормен өзара әрекеттесу.

Холдингтің құрылымына мемлекеттік саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға тартылған он бір еншілес кәсіпорын кіреді, Холдинг стратегиясына сәйкес бұл кәсіпорындардың қызмет бағыттары мынадай:

- Даму институттары, оларға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ы, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы, «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ы және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ы жатады. Осы институттардың міндеті экономиканың басым секторларында экономиканы әртараптандыруға және шикізаттық емес секторды дамытуға, қазақстандық өнімді экспорттауға, инновацияларды дамытуға, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларға несиелік, инвестициялық және өзге қаржылай және қаржылық емес қолдау көрсету болып табылады.
- Қаржы институттары, оларға «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы, «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ы, «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы жатады. Осы институттардың міндеті ипотекалық несиелендіру үшін ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсыну, тарту және бағасын төмендету және мемлекеттің тұрғын үй-құрылыс саясатын жүзеге асыруға қатысу болып табылады.
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ-ы – 2008-2010 жылдар аралығында қаржы дағдарысы нәтижесінде жасалған жылжымайтын мүлік нарығында мәселелерді шешу және өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау институты.
- «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-і – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды құрылымдау және қолдау үшін құрылған институт.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

1 Кіріспе (жалғасы)

Төменде Холдингің осы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген негізгі еншілес кәсіпорындары ұсынылған:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Тіркелген елі	Иелену үлесі, %		
		31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013	
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ	«ҚЭГ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» ҚДҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ	«ТДҰА» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ-	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ	«ҚТҮҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	92.06
«Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	«ҚИККБҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ (бұрынғы «Стрестік активтер қоры» АҚ)	«БД» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Мемлекеттік-жекешелік өріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС	«МЖӘ ЖСО» ЖШС	Қазақстан Республикасы	75.00	-

«ҚДБ» АҚ-ы 2001 жылы «Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178-II Заңына сәйкес құрылды. «ҚДБ» АҚ-ы ұлттық даму институты болып табылады, оның негізгі қызметі мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жақсарту және арттыру, өндірістік инфрақұрылымды, қайта өңдейтін өнеркәсіпті дамыту, ұлттық экономикаға сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуда көмек көрсету болып табылады.

«ҚИҚ» АҚ-ы мемлекеттік даму институты және стрестік активтерді қайта құрылымдау және басқару саласындағы басқарушы компания болып табылады. «ҚИҚ» АҚ-ы ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 501 қаулысымен құрылды. «ҚИҚ» АҚ-ының негізгі қызметі экономиканың белгілі бір салаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тәуекелді инвестициялардың портфелін басқару арқылы Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясын жүзеге асыруға көмектесу болып табылады.

«КЭГ» АҚ-ы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы № 442 қаулысына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігінің функцияларын жүзеге асыратын жалғыз мамандандырылған сақтандыру компаниясы болып табылады.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-ы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. «Даму» ҚДҚ» АҚ-ының негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарына және микроқаржы ұйымдарына несие беруден тұрады, бұл ретте түпкілікті қарыз алушылардың несиелері бойынша несие тәуекелі коммерциялық банктерге беріледі.

«ТДҰА» АҚ-ы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 836 қаулысына сәйкес 2012 жылдың 20 наурызында құрылды. «ТДҰА» АҚ-ының негізгі қызметі инновациялық даму процестеріне көмек пен қолдау көрсету және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну; инновациялық инфрақұрылымды жасауға, технологиялар трансфертіне, озық басқару әдістерін енгізуге, Қазақстан Республикасында өңірлік технологиялық саябақтарды құру мен дамытуға көмек беру және қатысу болып табылады.

«ҚКМ» АҚ-ы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылды. «ҚКМ» АҚ-ының негізгі қызметі инвестициялық қорларды құру және оларға қатысу және қаржы құралдарына инвестиция жасау болып табылады.

«ҚТҮҚЖБ» АҚ-ы Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс жинақ ақшаларының жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 364 қаулысына сәйкес құрылды. «ҚТҮҚЖБ» АҚ-ы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшаға салымшылардың қаражатын тарту бойынша, салымшыларға неше түрлі тұрғын үй займдарын ұсыну бойынша қызметті іске асырады, бағалы қағаздарды сату бойынша операцияларды және банк салымдарын орналастыру бойынша операцияларды жүзеге асырады.

1 Кіріспе (жалғасы)

«ҚИК» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 469 қаулысына сәйкес 2003 жылдың 29 желтоқсанында құрылды. «ҚИК» АҚ-ының негізгі қызметі реттейтін органдардың лицензиясына сәйкес ипотекалық несиелерді ұсыну, сондай-ақ сенімгерлікпен басқару, факторинг, форфейтинг және лизинг операцияларын жүзеге асыру болып табылады.

«ҚИККБҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы № 386 қаулысына сәйкес 2003 жылдың 10 желтоқсанында құрылды. «ҚИККБҚ» АҚ-ының негізгі қызметі несие берушілермен (екінші деңгейдегі банктер және ипотекалық ұйымдар), сақтандыру ұйымдарымен және инвесторлармен несиелік тәуекелдерді бөлісу арқылы ипотекалық несие беру бағдарламаларына халықтың қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады. «ҚИККБҚ» АҚ-ы коммерциялық емес ұйым болып табылады және ипотекалық займдарға кепілдік беру бойынша қызметті жүзеге асырады.

«БД» АҚ (бұрынғы «Стрестік активтер қоры» АҚ) 2008 жылдың 19 қарашасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 қарашадағы № 996 қаулысына сәйкес құрылды. «БД» АҚ-ының негізгі қызметі банк секторы активтерінің сапасын жақсарту және инвесторлардың банк секторына сенімін арттыру арқылы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

«МЖӘ ЖСО» ЖШС Қазақстан Республикасының МЖӘ үйлестіру кеңесінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі шешіміне сәйкес 2014 жылдың 19 наурызында құрылды. «МЖӘ ЖСО» ЖШС-нің негізгі қызметі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын құрылымдау және сүйемелдеу, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін талдау және бағалау бойынша қызметтерді көрсету, жобалардың консультациялық сүйемелденуі болып табылады.

Тіркелген мекенжайы және қызметті жүргізу орны. Холдингінің заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асырудың нақты орны Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы болып табылады.

Есептілікті ұсыну валютасы. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы шоғырландырылған қаржылық есептілік мындаған қазақстандық теңгемен ұсынылған.

2 Холдингінің қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы нарықтық экономикасы енді ғана қалыптасып келе жатқан елдерге тән ерекшеліктерді көрсетуде. Басқалардың арасында, осындай ерекшеліктерге елден тысқары еркін айырбасталатын ұлттық валютаның болмауы және бағалы қағаздардың мемлекеттік және жеке рыногында өтімділіктің төмен деңгейі, нарықтардың сәйкес келмеуі және айқындылығының жоқтығы болып табылады.

2008 жылдың ортасынан бастап дүниежүзілік қаржы дағдарысы қазақстандық экономикаға айтарлықтай ықпал етіп, қазақстандық және корпоративтік сектордағы қаржы ахуалы елеулі нашарлады. Соңғы жылдары қазақстандық экономиканың өсуі біртіндеп қалпына келуде. Осы қалпына келу халық табыстарының жүйелі артуымен, қайта қаржыландыру ставкаларының төмендеуімен, сондай-ақ қысқа мерзімді кредиттер нарығындағы өтімділік деңгейінің көтерілуімен үйлесті. Алайда 2014 жылы мұнайдың – Қазақстан Республикасының негізгі экспорттық өнімінің бағалары күрт төмендеп кетті, бұл сыртқы және ішкі сипаттағы бірқатар басқа факторлармен қатар елдегі экономикалық белсенділіктің елеулі түсуіне әкеп соқты.

Одан басқа, Қазақстандағы қаржы секторы Республикадағы саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеуші өзгерістерінің ықпалына жиі ұшырайды. Қазақстан Республикасының 2015-2016 ж.ж. экономикалық тұрақтылығының келешегі Үкіметтің қабылдап жатқан шараларының тиімділігіне айтарлықтай деңгейде тәуелді болады. Холдингінің операциялық қызметіне теріс әсер етуі мүмкін қаржылық және экономикалық жағдайлардағы тосын өзгерістердің мүмкіндігі де байқалады.

Басшылық «орын алған шығыстардың үлгісін» пайдаланып, несиелік портфельдің құнсыздануына резервтердің деңгейін есептің қолданылатын стандарттарының талаптарына сәйкес айқындады. Осы стандарттар өткен оқиғалар нәтижесінде туындайтын, құнсызданудан шығыстардың мойындалуын талап етеді және осындай оқиғалардың түсу ықтималдығының дәрежесіне қарамастан, экономикалық ортаның болашақтағы өзгерістерін қоса алғанда, келешек оқиғалар нәтижесінде пайда болуы мүмкін, құнсызданудан шығыстарды мойындауға тыйым салады. Осылайша, қаржы активтерінің құнсыздануынан түпкілікті шығыстар резервтердің ағымдағы деңгейінен елеулі ерекшеленуі мүмкін.

Басшылық қаржы секторының және жалпы экономиканың дамуына ықпал ете алатын барлық беталыстарды, сондай-ақ олардың болашақта Холдингінің қаржылық ахуалына көрсетуі мүмкін ықпалын (егер болса) болжай алмайды. Басшылықтың пайымдауынша, олар Холдинг қызметінің орнықтылығы мен дамуын қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау

Есептілікті ұсыну негіздері. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша қаржы құралдарының алғашқы мойындалуына және сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың әділ бағасы бойынша бағаланатын қаржы активтері мен қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен алғашқы баға бойынша есепке алу ережелері негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есептік саясаттың қағидалары төменде келтірілген. Осы қағидалар есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты біртіндеп қолданылды.

Қызметтің толассыздығы. Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің толассыздығы туралы болжам негізінде дайындады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік. Еншілес кәсіпорындар Холдинг бақылайтын құрылымдалған кәсіпорындарды қоса алғанда, инвестициялар объектілерін білдіреді, себебі Холдинг (i) инвестициялар объектісінің табысына айтарлықтай ықпал ететін маңызды қызметті басқару мүмкіндігін ұсынатын өкілеттіктерін иеленеді, (ii) инвестициялар объектісіне қатысудан ауыспалы табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырайды не осындай табысты алуға құқығы бар және (iii) инвестордың табыс көлеміне ықпал көрсету мақсатында инвестициялардың объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігіне ие. Холдингінің басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттіктерінің болуын бағалау кезінде дауыс берудің әлеуетті құқықтарын қоса алғанда, қолданыстағы құқықтардың болуы мен ықпалын қарау қажет.

Егер ұстаушының инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдау кезінде құқықты іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігі болса, онда құқық бар деп есептеледі. Холдингінің инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктері болуы мүмкін, тіпті егерде оның инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтарының басымдығы болмаса да.

Осындай жағдайларда инвестициялар объектісіне қатысты нақты өкілеттіктердің болуын анықтау үшін Холдинг дауыс беру құқықтарын басқа ұстаушылардың пакет мөлшеріне және бөліну дәрежесіне қатысты өзінің дауыс беру құқықтары пакетінің мөлшерін бағалауға тиіс. Басқа инвесторларды қорғаудың инвестициялар объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістерді енгізуге байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын құқықтары Холдингінің инвестициялар объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі жасамайды. Еншілес кәсіпорындардың операциялары үстінен бақылау Холдингке берілген күннен бастап, бұл кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі және тараптардан сатып алынған жалпы бақылаудағы еншілес кәсіпорындарды қоспағанда, бақылауды тоқтату күнінен бастап шоғырландырылған есептіліктен алынып тасталады.

Еншілес кәсіпорындар, жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындардың сатып алуын қоспағанда, сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алу әдісін пайдалану кезінде сатып алынған сәйкестендірілген активтер, сондай-ақ міндеттемелер және бизнесті біріктіру кезінде алынған шартты міндеттемелер бақыланбайтын үлестің мөлшеріне қарамастан сатып алу күніне қарай әділ баға бойынша көрсетіледі.

Холдинг меншіктің ағымдағы пропорционалдық үлесін білдіретін және ұстаушыға кәсіпорынды тарату жағдайында әрбір операция бойынша жеке немесе а) әділ баға бойынша, немесе б) сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыланбайтын үлеске пропорционалдық түрде таза активтердің пропорционалдық үлесіне құқық беретін бақыланбайтын үлесті бағалайды. Меншіктің ағымдағы үлесі болып табылмайтын бақыланбайтын үлес әділ баға бойынша бағаланады.

Гудвил мынадай мөлшерлердің жалпы сомасынан сатып алынған кәсіпорынның таза активтерінің сомасын шегеру арқылы анықталады: сатып алынған кәсіпорын үшін төленген сома, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлестің сомасы және сатып алынған кәсіпорындағы тура сатып алу күні алдын Холдингке тиесілі үлестің әділ бағасы. Теріс сома («теріс гудвил») басшылық барлық сатып алынған активтердің, сондай-ақ қабылданған міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің толықтай сәйкестендірілгенін бағалап, оларды бағалау дұрыстығын талдағаннан кейін кіріс не шығыс құрамында мойындалады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Сатып алынған кәсіпорын үшін берілген өтеу ұсынылған активтердің, шығарылған үлестік құралдардың және активтердің әділ бағасын қоса алғанда, туындаған не қабылданған міндеттемелердің және шартты өтеу туралы келісімдер нәтижесінде туындаған міндеттемелердің әділ бағасы бойынша бағаланады, бірақ консультациялық қызметтердің, заң қызметтерінің, бағалауды жүргізу жөніндегі қызметтердің және ұқсас кәсіби қызметтердің ақысы сияқты сатып алуға байланысты шығындарды қамтымайды. Мәміле бойынша үлестік құралдарды шығару кезінде жұмсалған қаражат капитал сомасынан шегеріледі; мәміле бойынша борыштық бағалы қағаздарды шығаруға жұмсалған қаражат олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал мәміле бойынша сатып алуға байланысты барлық қалған жұмсалған қаражат шығындарға жатқызылады.

Холдинг компаниялары арасындағы операцияларға, тиісті шоттар бойынша қалдықтарға және Холдинг компаниялары арасындағы операциялар бойынша жүзеге асырылмаған табыстарға жол берілмейді. Шығындар өтелмейтін жағдайларды қоспағанда, жүзеге асырылмаған шығындарға да жол берілмейді. Холдинг және оның барлық еншілес кәсіпорындары Холдинг саясатына сәйкес есептік саясаттың бірыңғай қағидаларын пайдаланады.

Бақыланбайтын үлес – бұл еншілес кәсіпорынның қызметі мен капиталының Холдинг тікелей не жанама түрде иеленбейтін үлеске тиесілі таза нәтижелерінің бөлігі.

Бақыланбайтын үлестерді сатып алу және сату. Холдинг бақыланбайтын үлестің иелерімен операцияларды есепке алу үшін экономикалық бірлік үлгісін қолданады. Егер берілген өтеу және сатып алынған бақыланбайтын үлестің баланстық құны арасында қандай да бір айырмашылық болса, онда ол капиталда тікелей капиталмен операция сияқты көрсетіледі. Холдинг бақыланбайтын үлесті сату үшін алынған сыйақы және оның баланстық құны арасындағы айырмашылықты капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте капиталмен мәміле ретінде таниды.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындарды сатып алу. Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорындарды сатып алу алдында болған кәсіпорынның бағалау әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Осы әдіске сәйкес біріктірілген кәсіпорынның шоғырландырылған қаржылық есептілігі кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ең ескі кезеңнің басынан бастап біріктірілген сияқты болып ұсынылған. Жалпы бақылаудағы тараптардың арасында берілетін еншілес кәсіпорынның активтері мен міндеттемелері алдында болған кәсіпорын белгілеген баланстық баға бойынша көрсетілген. Алдында болған кәсіпорын ХҚЕС сәйкес дайындалған еншілес кәсіпорынның қаржылық ақпараты шоғырландырылған, ең жоғары деңгейдегі есеп беретін кәсіпорын болып саналады. Алдында болған кәсіпорынды бастапқыда сатып алу кезінде туындаған гудвил осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетіледі.

Алдында болған кәсіпорынның гудвилын қоса алғанда, таза активтерінің баланстық құны және сатып алу үшін өтеу арасындағы айырмашылық капитал құрамындағы қосымша төленген капиталдың түзетілуі сияқты осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетіледі.

Еншілес кәсіпорындардың, қауымдастырылған кәсіпорындардың не бірлескен кәсіпорындардың шығып кетуі. Холдинг бақылаудан не маңызды ықпалдан айырылған жағдайда, кәсіпорында сақталатын үлес әділ баға бойынша қайта бағаланады, ал баланстық бағаның өзгерістері кірісте не шығыста көрсетіледі. Әділ баға қауымдастырылған кәсіпорында, бірлескен кәсіпорында не қаржы активінде қалған үлесті әрі қарай есепке алу мақсаттары үшін алғашқы баланстық бағаны білдіреді. Одан басқа, осы кәсіпорынға қатысты басқа жиынтық табыстың құрамында бұрын танылған барлық сомалар Холдинг тиісті активтердің не міндеттемелердің тікелей шығарылуын жүзеге асырған сияқты болып есептеледі. Бұл дегені өзге жиынтық табыс құрамында бұрын көрсетілген сомалар не кіріске, не шығысқа жатқызылатын білдіреді.

Егер қауымдастырылған кәсіпорынға қатысу үлесі азайып бара жатса, бірақ бұл ретте маңызды ықпал сақталатын болса, онда өзге жиынтық табыс құрамында бұрын көрсетілген сомалардың пропорционалдық үлесі ғана қажетті жағдайларда кіріске не шығысқа көшіріледі.

Қаржы құралдары – бағалауға негізгі әдістер. Қаржы құралдары өз топтастырылуына байланысты әділ баға не амортизациялық баға бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістерінің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ баға – бағалау күніне қарай нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операцияларды жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ бағаның ең жақсы расталуы белсенді нарықта белгіленген баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл активпен не міндеттеменен операциялардың жеткілікті жиілікпен және тұрақты негізде бағалар туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүргізілуін көздейтін нарық.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Белсенді нарықта айналатын қаржы құралдарының әділ бағасы жекелеген активке белгіленген бағаны көбейту кезінде алынған сома не кәсіпорын ұстап қалатын, олардың санына міндеттеме ретінде бағаланады. Тіпті нарықтың кәдімгі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорынның активтері мен міндеттемелерін жұтуға жеткіліксіз, ал жекелеген операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру белгіленген бағаға ықпал етуі мүмкін болған жағдайдың өзінде ахуал осындай.

Әділ бағаны бағалау нәтижелері әділ бағаның иерархия деңгейлері бойынша талқыланады және мынадай әдіспен таратылады: (i) 1-деңгейге бірдей активтер не міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленген (түзетілмейтін) бағасы бойынша бағалар жатады, (ii) 2-деңгейге – барлық пайдаланылатын қолданыстағы бастапқы деректер не тікелей (мәселен, баға), не жанама (мәселен, баға негізінде есептелген) түрде актив не міндеттеме (яғни, мәселен, баға) үшін байқалатын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынған бағалар және (iii) 3-деңгейдегі бағалар, олар байқалатын нарықтық деректерге ғана негізделмейтін бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін байқалмайтын бастапқы деректердің айтарлықтай көлемі талап етілсе).

Өзіндік құн төленген ақшалай қаражаттың не олардың баламаларының сомасын не сатып алу күніне қарай активті сатып алу үшін ұсынылған басқа ресурстардың әділ бағасын білдіреді және *мәміле бойынша жұмсалған қаражатты* қамтиды. Өзіндік құн бойынша бағалау нарықта белгіленген бағасы жоқ және әділ бағасы сенімді түрде бағалануы мүмкін емес үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты ғана және ашық нарықта белгіленген бағасы жоқ осындай үлестік құралдармен байланысты және осындай үлестік құралдармен өтелуге жататын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша жұмсалған қаражат қаржы құралын сатып алуға, шығаруға не шығарып тастауға қатысты қосымша жұмсалған қаражат болып табылады. Қосымша жұмсалған қаражат – бұл егер де мәміле орын алмаған жағдайда жұмсалмайтын қаражат. Мәміле бойынша жұмсалған қаражат агенттерге (оның ішінде, сауда агенті ретінде шығатын қызметшілер), кеңес берушілерге, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен сомалар, реттейтін органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншікті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды.

Мәміле бойынша жұмсалған қаражат борыш міндеттемелері бойынша сыйақыларды не дисконттарды, қаржыландыруға жұмсалған қаражатты, ішкі әкімшілік шығындарға не сақтауға жұмсалған қаражатты қамтымайды.

Амортизациялық баға негізгі қарыздың төлемдерін шегере отырып, бірақ есептелген проценттерді қамти отырып, ал қаржы активтері үшін – құнсызданудан орын алған шығыстардың кез келген есептен шығарылуын шегере отырып, активтің бастапқы бағасын білдіреді. Есептелген проценттер алғашқы мойындау кезінде мәміле бойынша кейінге қалдырылған жұмсалған қаражаттың, сондай-ақ проценттің тиімді ставкасы әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйақылардың не дисконттардың амортизациясын қамтиды. Есептелген купон табысын және амортизацияланған дисконтты не сыйақыны (оның ішінде, егер болған жағдайда, ұсыну кезінде кейінге қалдырылған комиссияны) қоса алғанда, есептелген проценттік табыс және есептелген проценттік шығын бөлек көрсетілмей, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

Проценттің тиімді мөлшерлемесінің әдісі – бұл құралдың баланстық құнына әрбір кезеңде тұрақты проценттік мөлшерлемені (проценттің тиімді мөлшерлемесін) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің ішінде проценттік табыстарды не проценттік шығындарды тану әдісі.

Тиімді проценттік мөлшерлеме – бұл қаржы құралы қызметінің күтілетін мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза баланстық құнына дейін анағұрлым қысқа мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемдерді не түсімдерді (несие бойынша болашақтағы шығыстар қосылмайды) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі. Тиімді проценттік мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі ставка бойынша немесе нарықтық мәніне қарамастан белгіленетін басқа ауыспалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсететін, сыйақы не дисконтты қоспағанда, процент өзгеруінің келесі күніне дейін өзгермелі мөлшерлеменен құралдар бойынша ақшалай ағымдарды дисконттау үшін қолданылады. Осындай сыйақылар не дисконттар құрал айналымының бүкіл күтілетін мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген бағаның есебі тиімді проценттік мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын, шарт бойынша тараптар төлеген не алған барлық сыйақылар мен сомаларды қамтиды.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Қаржы құралдарының бастапқы танылуы. Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын саудалық бағалы қағаздар, туынды және басқа да қаржы құралдары бастапқыда әділ баға бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша жұмсалған қаражатты қоса алғанда, әділ баға бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ бағаның ең жақсы расталуы операцияның бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі кіріс не шығыс, егерде әділ баға мен операцияның құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі, оны нарықта дәл сол құралмен байқалатын басқа ағымдағы мәмілелер немесе негізгі деректер негізінде тек байқалатын нарықтардың деректерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі растауы мүмкін.

Жеткізілуі заңнамада не аталған нарық үшін іскерлік айналым дәстүрлерімен белгіленген мерзімдерде жүргізілуі тиіс, қаржы активтерін сатып алу және сату («қалыпты шарттармен» сатып алу және сату) мәмілені жасасу күніне қарай, яғни Холдинг қаржы активін сатуға не сатып алуға міндеттелген күні көрсетіледі. Кәсіпорын аталған қаржы құралына қатысты шарттың бір тарабына айналған кезде, сатып алу бойынша барлық басқа операциялар мойындалады.

Холдинг валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, белсенді нарықта айналмайтын, байланысты тараптардың несиелерінің әділ бағасын анықтау үшін ақшалай ағымдардың дисконтталған келтірілген бағасы сияқты бағалау әдістерін пайдаланады. Операцияның бағасына тең болып қабылданатын, бастапқы тану кезіндегі әділ баға және бағалау әдісінің көмегімен белгіленген сома арасында айырмашылықтардың пайда болу мүмкіндігі бар. Осындай айырмашылықтар бастапқыда өзге активтердің не өзге міндеттемелердің құрамында танылады, ал кейіннен валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, байланысты тараптар несиелерінің қолданыс мерзімі бойы бірдей амортизацияланады.

Қаржы активтерінің танылуын тоқтату. Холдинг қаржы активтерінің танылуын (а) осы активтер өтелген кезде немесе осы активтермен байланысты ақшалай ағымдарға құқықтар өзге әдіспен аяқталған болса, немесе (б) Холдинг қаржы активтерінен ақшалай ағымдарға құқықтарды берген кезде немесе беру туралы келісім жасасқан кезде және бұл ретте (i) мәні бойынша осы активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы берген болса, немесе (ii) мәні бойынша осы активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген және сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған жағдайларда, тоқтатады. Егер сатуға шектеулер енгізілмей, контрагенттің байланысты емес үшінші тарапқа активті толықтай сату мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

Ақшалай қаражат және олардың баламалары. Ақшалай қаражат және олардың баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын баптар болып табылады және бағасының елеусіз өзгеруіне ұшырайды. Ақшалай қаражат және олардың баламалары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (әрі қарай – «ҚРҰБ») шоттарда барлық міндетті резервтерді, барлық банкаралық депозиттерді және басқа банктермен бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем мерзімді құрайтын кері репо шарттарын қамтиды. Ұсыну сәтіне қарай үш айдан астам мерзімге пайдалану бойынша шектеулері бар қаражат ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының құрамынан шығарылып тасталады. Ақшалай қаражат және олардың баламалары амортизацияланған баға бойынша көрсетіледі.

Ақшалай қаражаттың қозғалуы туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған ақшалай қаражаттың төленуі не түсімдері клиенттің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығару арқылы өндірілген, несие бойынша проценттік табыс не қарыздың негізгі сомасы сияқты немесе ақшалай қаражатты немесе клиенттің көзқарасынан олардың баламаларын білдіретін, клиенттің ағымдағы шотына қосып есептелген, берілген несиелер сияқты Холдинг контрагенттерінің Холдингте орналастырылған ағымдағы шоттарына есептелген немесе қосып есептелген осындай сомаларды қоса алғанда, Холдингтің ақшалай қаражатты және олардың баламаларын беруді білдіреді.

ҚРҰБ-дағы шоттарда міндетті резервтер. ҚРҰБ-дағы шоттарда міндетті резервтер амортизациялық баға бойынша көрсетіледі және олар бойынша проценттер қосылмайтын және Холдингтің күнделікті операцияларын қаржыландыруға арналған, ҚРҰБ-да депоненттелген қаражатты білдіреді. Демек, олар ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті құрастыру мақсаттары үшін ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының құрамынан алынып тасталады.

Саудалық бағалы қағаздар. Саудалық бағалы қағаздар – бұл бағаның қысқа мерзімді ауытқуы не саудалық маржа есебінен кірісті алу мақсатында сатып алынатын қаржы активтері немесе іс жүзінде қысқа мерзімді кірісті алу үшін қолданылатын портфельдің бөлігі болып табылатын бағалы қағаздар. Егер Холдингтің бағалы қағаздарды сатып алу сәтінен бастап қысқа мерзім ішінде сату ниеті болса, онда бұл қағаздар саудалық бағалы қағаздар сияқты топтастырылады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Холдинг туынды емес саудалық қаржы активін өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатындардың санатынан көшіруі мүмкін, егер осы актив бұдан былай жақын уақытта сату мақсаттары үшін ұсталмайтын болса. Несие не дебиторлық берешек санатына жатпайтын қаржы активтері өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатындардың санатынан тек жақын болашақта қайталану мүмкіндігі аз болатын, өзгеше сипаты бар оқиғаға байланысты туындайтын сирек жағдайларда ғана қайта топтастырылуы мүмкін. Несиелер мен дебиторлық берешектің анықтамасына сай келетін қаржы активтері, егер де Холдингтің осы қаржы активтерін жақын болашақта немесе өтелгенше ұстап қалу ниеті мен қабілеті болса, қайта топтастырылуы мүмкін.

Саудалық бағалы қағаздар әділ баға бойынша көрсетіледі. Тиімді проценттік ставканың әдісін пайдалана отырып есептелген саудалық бағалы қағаздар бойынша проценттік табыстар жылдың кірісінде не шығысында проценттік табыс сияқты көрсетіледі. Дивидендтер Холдингтің тиісті төлемдерді алуға құқығы орнатылған сәтінде өзге операциялық табыс құрамында дивидендтер бойынша табыс сияқты және дивидендтерді алу ықтималдығы болған жағдайда көрсетіледі.

Әділ баға өзгеруінің барлық өзге компоненттері, сондай-ақ тануды тоқтату бойынша табыс не шығын өздері туындаған кезеңдегі саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындарды шегере отырып, табыс сияқты жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі.

Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын өзге бағалы қағаздар. Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын өзге бағалы қағаздар бастапқы тану кезінде осы санатқа түпкілікті жатқызылған қаржы активтерін қамтиды. Басшылық бағалы қағаздарды, тек егерде (а) осындай топтастыру есепте активтер мен міндеттемелерді бағалау не әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, тиісті табыстар мен шығындарды тану нәтижесінде кері жағдайда туындайтын сәйкессіздіктерді жоятын болса не айтарлықтай азайтатын болса; немесе (б) қаржы активтерінің, қаржы міндеттемелерінің тобын немесе бір уақытта екеуін де басқару, сондай-ақ олардың тиімділігін бағалау құжат жүзінде бекітілген тәуекелдерді басқару стратегиясына немесе инвестициялық стратегияға сәйкес әділ баға негізінде жүзеге асырылатын болса және Холдингтің директорлар кеңесі осы негіз туралы ақпаратты үнемі ашып, қайта қарайтын болса ғана осы санатқа жатқызады. Осы санаттағы қаржы активтерін тану және бағалау жоғарыда саудалық бағалы қағаздарға қатысты келтірілген есептік саясатқа сәйкес келеді.

Басқа банктердегі қаражат. Холдинг банк-контрагенттерге белгіленген не белгіленетін күні өтелуге жататын аванстық төлемдер түрінде ақшалай қаражатты ұсынған жағдайда, басқа банктердегі қаражат ескеріледі, бұл ретте Холдингтің туындайтын қаржылық құралдармен байланысты емес және ашық нарықта белгіленген бағасы жоқ, пайда болатын дебиторлық берешекпен сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмауға тиіс. Басқа банктердегі қаражат амортизациялық баға бойынша көрсетіледі.

Клиенттерге берілген несие. Клиенттерге берілген несие Холдинг туынды қаржы құралдарымен байланысты емес және ашық нарықта белгіленген бағасы жоқ, белгіленген немесе белгіленетін күні өтелуге жататын дебиторлық берешекті сатып алу не жасау мақсатында аванстық төлемдер ретінде клиенттерге ақшалай қаражатты ұсынған жағдайда ескеріледі және бұл ретте Холдингтің осы дебиторлық берешекпен саудалық операцияларды жүзеге асыру ниеті болмауға тиіс. Клиенттерге берілген несиелер амортизациялық баға бойынша ескеріледі.

Амортизациялық баға бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің құнсыздануы. Құнсызданудан туындаған шығыстар қаржы активін бастапқы танудан кейін орын алған және сомасы сенімді бағалануы мүмкін қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша болашақта күтілетін ақшалай ағымдардың мөлшеріне не уақыт мерзімдеріне ықпал ететін бір не бірнеше оқиға («шығысқа әкеп соққан оқиға») нәтижесінде шығыстарды көтерген сайын жылдың кірісінде не шығысында танылады. Егер Холдингтің дара бағаланған қаржы активі үшін құнсызданудың объективті дәлелдемелері болмаған жағдайда (оның маңыздылығына қарамастан), осы актив несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтерінің тобына енгізіледі және құнсыздану мәніне қарай олармен бірге бағаланады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Холдинг қаржы активінің құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі факторлар оның мерзімі өтіп кеткен мәртебесі және егер осындай мүмкіндік болған жағдайда, кепілдік қамтамасыз етуді жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Төменде негізгі өлшемдер тізбектелген, олардың негізінде құнсызданудан шығыстың объективті белгілерінің болуы айқындалады:

- кез келген кезекті төлемнің мерзімін өткізіп алу және бұл ретте уақтылы емес төлемді жұмыс жүйелерінің жұмысындағы кідіріспен түсіндіруге болмайды;
- займ алушы елеулі қаржы қиындықтарына тап болды, бұл займ алушы туралы Холдингтің иелігіндегі қаржы ақпаратымен расталады;
- займ алушыға банкроттық не қаржылық қайта ұйымдастыру төніп тұр;
- займ алушыға ықпал ететін ұлттық не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгерістерімен айқындалған займ алушының төлемдік мәртебесінің келеңсіз өзгеруі бар; немесе
- құнсыздану құны нарықтағы ахуалдың нашарлауы нәтижесінде айтарлықтай төмендеді.

Құнсыздануды жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бойынша топтастырылады. Осы сипаттамалар осындай активтердің топтары үшін ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарын бағалауға жатады және дебиторлардың бағаланатын активтерге қатысты келісімшарт ережелеріне сәйкес барлық тиесілі сомаларды өтеу қабілеті туралы куәландырады.

Құнсыздану мәніне қарай жиынтық түрде бағаланатын, қаржы активтерінің тобындағы ақшалай қаражаттың болашақ ағымдары осы активтермен байланысты келісімшарттық ақшалай ағымдар негізінде және шығыстың орын алған оқиғалары нәтижесінде туындайтын мерзімі өтіп кеткен берешектің көлемі туралы, сондай-ақ мерзімі өтіп кеткен берешекті өтеу табыстылығы туралы басшылықтың иелігіндегі статистика негізінде анықталады. Өткен жылдардың статистикасы алдыңғы кезеңдерге ықпал етпеген ағымдағы жағдайдың ықпалын көрсету үшін, сондай-ақ ағымдағы кезеңде орын алмаған, өткен оқиғалардың нәтижесін жою үшін ағымдағы байқалатын деректер негізінде түзетіледі.

Егер амортизациялық баға бойынша көрсетілетін құнсызданған қаржы активінің шарттары займ алушының не эмитенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қайта қаралатын болса не қандай да бір әдіспен өзгертілетін болса, құнсыздану шарттар өзгертілгенше бастапқы тиімді проценттік ставканы пайдалана отырып, анықталады. Содан кейін шарттары қайта қаралған қаржы активінің танылуы тоқтатылады және жаңа актив әділ баға бойынша танылады, бірақ тек егерде осы активпен байланысты тәуекелдер мен пайдалар айтарлықтай өзгерген болса. Бұл, әдетте, ақшалай қаражаттың бастапқы және күтілетін жаңа ағымдарының келтірілген бағасының айтарлықтай айырмашылығымен расталады.

Құнсыздану шығыстары әрқашан активтің баланстық құнын осы актив бойынша бастапқы тиімді проценттік ставканың қолданылуымен дисконтталған, күтілетін ақшалай қаражаттың келтірілген бағасына дейін (ол өзінде осы уақытта әлі орын алмаған, несие бойынша келешек шығыстарды қамтымайды) төмендету үшін қажетті мөлшерде резервті жасау арқылы танылады. Қамтамасыз етілген қаржы активінің күтілетін ақшалай ағымдарының келтірілген бағасының есебі несие берушінің борышкердің мүлкін иеленуге кіру ықтималдығының дәрежесіне қарамастан, қамтамасыз етуді алу мен сатуға шығындарды шегере отырып, несие берушінің борышкердің мүлкін иеленуге кіруі нәтижесінде туындауы мүмкін ақшалай ағымдарды қамтиды.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан туындаған шығыс сомасы төмендейтін болса және осы төмендеуді құнсыздануды танығаннан кейін түскен оқиғаға (мәселен, дебитордың кредиттік рейтингін арттыру сияқты) объективті түрде жатқызуға болатын болса, онда құнсызданудан туындаған бұрын көрсетілген шығыс жылдың кірісі не шығысы арқылы құрылған резервті түзету арқылы қалпына келтіріледі.

Өтелуі мүмкін емес және оларға қатысты толық не жартылай өтеу мақсатында барлық қажетті рәсімдер аяқталған және шығыстың түпкілікті сомасы анықталған активтер құнсыздануға қалыптастырылған резерв есебінен есептен шығарылады. Есептен шығарылатын сомаларды кейіннен қалпына келтіру жылдың кірісінде не шығысында құнсызданудан шығындар есебіне жатқызылады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Төлемеу үшін меншікке алынған қамтамасыз ету. Төлемеу үшін меншікке алынған қамтамасыз ету Холдингінің мерзімі өтіп кеткен несиелерді реттеу кезінде алған қаржы және қаржы емес активтерін білдіреді. Осы активтер бастапқыда алу кезінде әділ баға бойынша танылады және негізгі құралдарға, өзге қаржы активтеріне, инвестициялық мүлікке немесе олардың сипатына, сондай-ақ Холдингінің осы активтерді өндіріп алуға қатысты ниеттеріне байланысты басқа активтер құрамындағы қорларға енгізіледі, ал кейіннен қайта бағаланады және осы санаттағы активтер үшін есептік саясатқа сәйкес ескеріледі.

Холдинг есептік саясатты сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге немесе егер есептік кезеңнің соңына қарай қолданыстағы шарттар орындалатын болса, төлемеу үшін меншікке алынған қамтамасыз етуге шығарып тастау топтарына қатысты қолданады.

Егер төлемеу үшін меншікке кепілдік қамтамасыз етуді алу бизнестің үстінен бақылаудың пайда болуына әкелетін болса, онда бизнесті біріктіру сатып алу әдісі бойынша ескеріледі, бұл ретте реттелген несиенің әділ бағасы сатып алу құнын білдіреді (шоғырландыру үшін есептік саясаттың қағидаларын қараңыз). Төлемеу үшін меншікке алынған акцияларға, Холдинг айтарлықтай ықпалға ие болып, бірақ бақылауға ие болмайтын жағдайларда ғана қауымдастырылған кәсіпорындар үшін есептік саясат қолданылады. Қауымдастырылған кәсіпорынның бағасы кепілген қойылған акцияларды меншікке алу арқылы реттелген несиенің әділ бағасына тең.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер. Холдинг несие беру бойынша қаржы кепілдіктері мен міндеттемелерін шығарады. Қаржы кепілдіктері клиенттің үшінші тараптар алдында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді жүзеге асырудың қайтарылмайтын міндеттемелерін білдіреді және несие сияқты дәл сондай несиелік тәуекелге ұшырайды. Несие беру жөнінде қаржы кепілдіктері мен міндеттемелері бастапқыда, әдетте, алынған комиссиялардың сомасымен расталған әділ баға бойынша көрсетіледі. Осы сома, егер де Холдинг нақты несиелік келісімді жасасып, оны ұсынғаннан кейін қысқа мерзім ішінде несиенің іске асырылуын жоспарламайды деген болжам болса, несиені ұсыну бойынша міндеттемені қоспағанда, міндеттеменің қолданыс мерзімі бойы желілік әдіспен амортизацияланады; несиені ұсыну бойынша міндеттеменен байланысты осындай комиссиялық табыстар болашақ кезеңдердің табыстары сияқты ескеріледі және бастапқы тану кезінде несиенің баланстық құнына енгізіледі. Әрбір есептік кезеңнің соңында міндеттемелер (i) бастапқы танудың амортизацияланбаған сомасынан ең үлкен; және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемені реттеу үшін қажетті, жұмсалған қаражаттың ең үздік бағасы бойынша бағаланады.

Комиссиялық табыстар іске асырылмаған міндеттемеге қатысты мерзімді түрде қосылып есептелген жағдайда, олар тиісті міндеттеменің мерзімі бойы бірдей түсім құрамында танылады.

Міндеттемені орындау кепілдіктері. Міндеттемені орындау кепілдіктері – бұл, егер шарт бойынша екінші тарап шартпен көзделген міндеттемені орындамаған жағдайда, өтемақыны алуды көздейтін шарттар. Осындай шарттар несиелік тәуекелді бермейді. Міндеттемені орындау кепілдігі бастапқыда, әдетте, алынған сыйақының сомасымен расталған әділ баға бойынша көрсетіледі. Осы сома шарттың қолданыс мерзімі бойы желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есептік кезеңнің соңында міндеттемені орындау кепілдіктерінің шарттары (i) бастапқы тану сомасының амортизацияланбаған қалдығынан; және (ii) келтірілген бағасына дейін дисконтталған, есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемені реттеу үшін қажетті, жұмсалған қаражаттың ең үздік бағасы бойынша бағаланады. Егер Холдингінің міндеттемені орындау кепілдіктерінің шарттарын реттеуге төленген сомаларды өтеу үшін клиентке жүгінуге келісімшарттық құқығы болса, онда осы сомалар кепілдік бойынша бенефициарға шығыс үшін өтемақыны бергеннен кейін несиелер және дебиторлық берешек сияқты танылуға тиіс.

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар. Бағалы қағаздардың бұл санаты, Холдинг белгісіз уақыт мерзімі ішінде ұстайтын және өтімділікті қолдау жөніндегі талаптарға байланысты немесе проценттік ставкалардың, айырбастау бағамдарының немесе акцияларға бағалардың өзгеруі нәтижесінде сатылуы мүмкін, инвестициялық бағалы қағаздарды қамтиды.

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар әділ баға бойынша ескеріледі. Сатуға арналған қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша проценттік табыс тиімді проценттік ставка әдісінің негізінде есептеледі және жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Әділ баға өзгеруінің барлық қалған компоненттері инвестициялардың танылуын тоқтату немесе оның құнсыздануы сәтіне дейін өзге жиынтық табыс құрамында көрсетіледі, бұл ретте жинақталған кіріс не шығыс өзге жиынтық табыстың санатынан жылдың кірісіне не шығысына ауыстырылады. Құнсызданудан шығыстар сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың бастапқы танылуынан кейін орын алған бір не бірнеше оқиға («шығысқа әкеп соғатын оқиға») нәтижесінде шығыстарды көтерген сайын жылдың кірісінде не шығысында танылады. Үлестік бағалы қағаздың әділ бағасының оны сатып алу бағасынан төмен айтарлықтай не ұзақ төмендеуі оның құнсыздануының белгісі болып табылады. Бастапқыда кірісінде не шығысында мойындалған, осы активтің құнсыздануынан шығысты шегере отырып, сатып алу құны және ағымдағы әділ баға арасындағы айырмашылық сияқты белгіленген, құнсызданудан жинақталған шығыс өзге жиынтық табыс санатынан жылдың кірісіне не шығысына ауыстырылады. Үлестік құралдардың құнсыздануынан шығыстар қалпына келтірілмейді, ал кейінгі табыстар өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі. Егер кейінгі есептік кезеңде «сатуға арналған қолда бар» санатына жатқызылған үлестік құралдың әділ бағасы көбейетін болса және осындай көбейтуді кірістегі не шығыстағы құнсызданудан шығысты танығаннан кейін орын алған оқиғаға объективті жатқызуға болатын болса, онда құнсызданудан шығыс жылдың кірісі не шығысы арқылы қалпына келтіріледі.

Сату және кері сатып алу шарттары бойынша мәмілелер, бағалы қағаздардың займдары.

Контрагентке іс жүзінде несие берушінің табыстылығын қамтамасыз ететін, сату және кері сатып алу («репо» шарттары) шарттары бойынша мәмілелер бағалы қағаздардың құнсыздануына қаражатты тарту операциялары сияқты қаралады. Сату және кері сатып алу шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздардың танылуы тоқтатылмайды. Бағалы қағаздарды қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басқа бабына қайта топтастыру, сатып алатын тұлғаның шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бағалы қағаздарды сату не қайта кепілдікке салу құқығы болған жағдайларды қоспағанда, жүргізілмейді. Осындай жағдайларда олар «Репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешек» сияқты топтастырылады. Тиісті міндеттемелер «Басқа банктердің қаражаты» немесе «Өзге займ қаражаты» жолында көрсетіледі.

Холдингке іс жүзінде несие берушінің табыстылығын қамтамасыз ететін кері сату («кері репо») міндеттемесі бар шарттар бойынша мәмілелер бойынша сатып алынған бағалы қағаздар контрагентке байланысты «кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» сияқты көрсетіледі. Сату бағасы және контрагенттің алған проценттік және дивидендік табысын ескере отырып түзетілген, кері сатып алу бағасының арасындағы айырмашылық проценттік табыс сияқты танылады және тиімді проценттік ставка әдісі бойынша репо шартының бүкіл қолданыс мерзімі бойы есептеледі.

Контрагенттерге тіркелген сыйақы үшін займ ретінде ұсынылған бағалы қағаздар, контрагенттің шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес аталған бағалы қағаздарды сату не қайта кепілдікке салу құқығы болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің бастапқы бабында шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіле береді. Осындай жағдайларда оларды жекелеген баланстық бапқа қайта топтастыру жүргізіледі.

Тіркелген сыйақы үшін займ ретінде алынған бағалы қағаздар үшінші тараптарға сатылған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Осындай жағдайларда осы бағалы қағаздарды сатып алу мен сатудан қаржылық нәтиже «Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржылық активтермен операциялардан кіріс не шығыс» немесе «Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан кіріс не шығыс» жолы бойынша жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі. Бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме «Басқа займ қаражаты» жолының құрамында әділ баға бойынша көрсетіледі.

Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар. Осы топқа Холдинг оларды жоспарлайтын немесе өтелгенше ұстауы мүмкін, тіркелген не айқындалатын төлемдермен және тіркелген өтеу мерзімі бар бағасы белгіленген туынды емес қаржы активтері енгізіледі. Егер Холдингтің өтеу мерзімі түскенше эмитенттен осы инвестициялық қағазды өтеуді не сатып алуды талап ету құқығы болса, онда инвестициялық бағалы қағаздар өтелгенше ұсталатын сияқты топтастырылмайды, себебі мерзімінен бұрын сатып алу құқығы активті өтелгенше ұстау ниетіне қайшы келеді. Басшылық өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқы тану сәтінде топтастырады және осы топтастыруды әрбір есептік кезеңнің соңында қайта қарайды.

Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар амортизациялық баға бойынша көрсетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Инвестициялық мүлік. Инвестициялық мүлік – бұл Холдингінің жалгерлік табысты алу не салынған капиталдың құнын арттыру мақсатында не екі мақсатқа да қол жеткізу үшін ұстайтын, Холдингінің өзі орналаспайтын мүлік. Инвестициялық мүліктің құрамына инвестициялық мүлік ретінде болашақта пайдалануға арналған, аяқталмаған құрылыс объектілері кіреді. Инвестициялық мүлік мәміле бойынша жұмсалған қаражатты қоса алғанда, сатып алу бағасы бойынша есептеледі. Табылған жалгерлік табыс өзге операциялық табыстар құрамында жылдың кірісінде не табысында көрсетіледі.

Инвестициялық мүліктің құнсыздану белгілері болған жағдайда Холдинг оның өтелетін құнына бағалауды жүргізеді, ол сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, пайдалану мен әділ бағадан ең үлкен баға болып анықталады. Өтелетін құнына дейін инвестициялық мүліктің баланстық құнының азайғаны жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі. Алдыңғы жылдары көрсетілген, құнсызданудан шығыс қалпына келтіріледі, егер кейіннен активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағаларда өзгерістер алған болса.

Кейінгі жұмсалған қаражат, егерде Холдингінің онымен байланысты болашақ экономикалық пайданы алады және олардың құны сенімді түрде бағалануы мүмкін деген ықтималдығы болса ғана, капиталдандырады. Жөндеуге және ағымдағы қызмет көрсетуге барлық өзге шығындар оларды көтерген сайын шығындар сияқты ескеріледі. Егер инвестициялық мүліктің меншік иесі оны алатын болса, онда бұл мүлік «Негізгі құралдар» санатына ауыстырылады.

Бағалы металдар. Холдинг бағаның қысқа мерзімді ауытқуларынан кірісті не дилерлік маржаны алу мақсатында бағалы металдарды сатып алу және сатып алғаннан кейін оларды жуырда сату бойынша мәмілелерге қатысады. Бағалы металдар екі мөлшерден ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және сатудың таза бағасы.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясын және құнсызданудан жинақталған шығыстарды (егер қажет болса) шегере отырып, сатып алу бағасы бойынша ескеріледі. Елеусіз жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығындар пайда болған сайын ескеріледі. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар ауыстырылған компонентті кейіннен есептен шығара отырып, капиталдандырылады.

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған жағдайда басшылық өтелетін құнның бағалауын жүргізеді, ол сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, активтің әділ бағасынан және пайдалану бағасынан ең үлкені сияқты анықталады. Баланстық құны өтелетін бағасына дейін азайтылады, ал құнсызданудан шығыс жылдың кірісіне не шығысына жатады. Алдыңғы кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан шығыс қалпына келтіріледі, егер пайдаланудан бағаны айқындау үшін қолданылған бағалар не сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, оның әділ бағасы өзгертілген болса.

Баланстық құны бар түсімнің сомаларын салыстыру арқылы анықталатын, шығып кету кірісі не шығысы жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі (өзге операциялық кірістер не шығыстар құрамында).

Амортизация. Жер және аяқталмаған құрылыс амортизацияға жатпайды. Өзге негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдісті пайдалана отырып, яғни активті пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде қалдық бағасына дейін бағасын біртіндеп түсіріп, есептеледі:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Ғимараттар	8 - 100
Көлік құралдары	5 - 7
Кеңселік және компьютерлік жабдық	2 - 10
Өзге	3 - 20

Активтің қалдық құны – бұл егерде актив пайдалы қолдану мерзімінің соңына және пайдалы қолдану мерзімінің соңына тән жағдайға жеткен, шығып кетуге жұмсалатын қаражатты шегере отырып, Холдинг ағымдағы сәтте активтің шығып кетуінен алуы мүмкін есептік сома. Активтің қалдық құны және оларды пайдалы қолдану мерзімі әрбір есептік кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер қажеттілік болса, түзетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Материалдық емес активтер. Гудвилден басқа, Холдингің материалдық емес активтерінің белгілі бір пайдалы қолдану мерзімі бар және, көбінесе, капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді және өзге сатып алынған лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамсыздандыруға сатып алынған лицензиялар аталған бағдарламалық қамсыздандыруды сатып алуға және енгізуге жұмсалған қаражат негізінде капиталдандырылады. Холдинг бақылайтын сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамсыздандырумен тікелей байланысты, әзірлеуге жұмсалған қаражат, егер қосымша экономикалық пайдалардың сомасы жұмсалған қаражаттан асып кетеді деген болжам болса, материалдық емес активтер сияқты көрсетіледі. Капиталдандырылған жұмсалған қаражат бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеушілердің тобын ұстауға шығындарды және ілеспелі шығындардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамсыздандыруға байланысты барлық өзге жұмсалған қаражат (мәселен, оған қызмет көрсетуге), олар орын алған сайын ескеріледі.

Материалдық емес активтер активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде желілік әдіспен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыруға лицензиялар және патенттер	3 – 20
Дербес әзірленген бағдарламалық қамсыздандыру	1 - 14
Өзге	2 - 15

Операциялық жалдау. Холдинг жалға алушы ретінде шығып және жалға беруші жалдау объектілерін иеленуден тәуекелдер мен табыстарды Холдингке бермеген кезде, операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалдау мерзімі бойы біртіндеп есептен шығару әдісін пайдалана отырып, жылдың кірісінде не шығысында (жалдау бойынша шығындар сияқты) көрсетіледі.

Басқа шарттарға енгізілген жалдау, егер (а) шарттың орындалуы нақты активтің не активтердің пайдаланылуымен байланысты және (б) шарт активті пайдалану құқығын беруді көздейтін болса, бөлінеді.

Активтер операциялық жалдауға берілген кезде, алуға жалгерлік төлемдер жалдау мерзімі бойы біртіндеп есептен шығару әдісін пайдалана отырып, жалдаудан түскен табыс сияқты көрсетіледі.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек. Холдинг жалға беруші ретінде шығып және жалға беру объектілерін иеленуден тәуекелдер мен табыстар жалға алушыға берілген кезде, жалға берілетін активтер қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек сияқты көрсетіледі және болашақ жалгерлік төлемдерінің келтірілген құны бойынша ескеріледі. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бастапқыда жалгерлік қатынастардың басталу күніне қарай (жалгерлік қатынастардың басталу күні деп екі күннің ішіндегі бірінші болып түскен күн есептеледі: жалдау шартын жасасу мерзімі және тараптардың жалдаудың негізгі шарттарына қатысты міндеттемелерді қабылдау күні) белгіленген, дисконттау ставкасын пайдалана отырып, жалгерлік қатынастардың пайда болу күніне (жалдау мерзімінің басталуы) қарай көрсетіледі.

Дебиторлық берешек сомасы және болашақ жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны арасындағы айырмашылық алынбаған қаржылық табысты білдіреді. Осы табыстар таза инвестициялар әдісін (салық салуға дейін) пайдалана отырып жалдау мерзімі бойы танылады, ол жалдау шартының бүкіл қолданыс мерзімі бойы тұрақты табыс нормасын болжайды. Жалгерлік қатынастарды ұйымдастыруға тікелей байланысты қосымша шығындар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына енгізіледі және жалдау мерзімі бойы танылатын табыстың сомасын азайтады. Жалдау бойынша қаржылық табыстар белгілі бір кезең үшін кірістің проценттік табыстарының құрамында не шығыста көрсетіледі.

Құнсызданудан шығыстар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті алғашқы танығаннан кейін, бір не бірнеше оқиғалар («шығыс оқиғасы») нәтижесінде пайда болған сайын жылдың кірісінде не шығысында танылады. Құнсызданудан шығыстың объективті белгілерінің болуын анықтау үшін Холдинг амортизациялық баға бойынша көрсетілетін несиелер үшін қолданылатын дәл сол негізгі өлшемдерді пайдаланады. Құнсызданудан шығыстар қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің таза баланстық құны және жалдау шартында қарастырылған табыстылық нормасын пайдалана отырып, дисконтталған болашақта күтілетін ақшалай ағымдардың (болашақ, әлі орын алмаған шығыстарды жойып) келтірілген құны арасындағы айырмашылық мөлшерінде резервті жасау арқылы танылады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер. Ұзақ мерзімді активтер және ұзақ мерзімді әрі қысқа мерзімді активтерді қамтуы мүмкін шығып кету топтары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте, егер олардың баланстық құны, ең бастысы, есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде сату арқылы (оның ішінде осы активтерді ұстайтын еншілес кәсіпорын үстінен бақылаудың жоғалуын қоса алғанда) өтелетін болса, «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» деп көрсетіледі. Активтердің қайта топтастырылуы барлық мынадай өлшемдердің сақталуын талап етеді: (а) активтер ағымдағы күйінде дереу сатылуға дайын; (б) Холдинг басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) барабар баға бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізілуде; (г) актив бір жылдың ішінде сатылып кетеді деп күтілуде, және (д) сату жоспарының елеулі өзгеруі немесе оның жойылуы күтілмейді. Ұзақ мерзімді активтер не ағымдағы есептік кезең үшін қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған сияқты топтастырылған шығып кету топтары қайта топтастырылмайды және ағымдағы есептік кезеңнің соңына қарай топтастыруға сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің салыстырмалы деректерінде ұсыну нысанын өзгертпейді.

Шығып кету топтары бір сату операциясы процесінде бірыңғай топпен сату не өзге әдіспен арқылы шығып кетуге жататын активтердің (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) тобын және осы операция процесінде берілетін активтермен тікелей байланысты міндеттемелерді білдіреді. Гудвил шығып кету тобының құрамында, егер сату кезінде ақшалай ағымды шоғырландыратын бірлікке гудвил таратылған осы бірліктің құрамында активті қамтитын болса ғана, ескеріледі. Ұзақ мерзімді активтер – бұл, күтілетіндей, есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 ай бойы өтелмейтін не алынбайтын сомаларды қамтитын активтер. Егер қайта топтастырылуда қажеттілік пайда болса, онда ол активтің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бөлігі үшін жүргізіледі.

Сатуға арналған шығып кету топтары жалпы алғанда сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, баланстық бағасы мен әділ бағасынан ең азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар, инвестициялық мүлік және материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Шығып кету топтарымен тікелей байланысты және сату кезінде берілетін міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолмен көрсетіледі.

Тоқтатылған қызмет. Тоқтатылған қызмет Холдингтің сатылған не сатуға арналған сияқты топтастырылған бөлігі болып табылады және (а) қызметтің жеке елеулі түрін не операцияларды жүргізудің географиялық ауданын білдіреді; (б) операциялардың жеке елеулі түрінің бірыңғай үйлестірілген шығып кету жоспарының бөлігі болып табылады; немесе (в) кейіннен сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес кәсіпорын болып табылады. Тоқтатылған қызметтен түсім және ақшалай ағымдар (болған жағдайларда) салыстырмалы ақпаратты қайтадан тиісінше ашып, жалғасып келе жатқан қызметтен жеке көрсетіледі.

Банктерден және өзге қаржы институттарынан займдар. Банктерден және өзге қаржы институттарынан займдар банк-контрагент Холдингке ақшалай қаражатты не өзге активтерді ұсыну сәтінен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржы міндеттемелері амортизациялық баға бойынша көрсетіледі.

Клиенттердің қаражаттары. Клиенттердің қаражаты жеке тұлғалардың, мемлекеттік не корпоративтік клиенттердің алдындағы туынды емес қаржы міндеттемелерін білдіреді және амортизацияланған бағасы бойынша көрсетіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар АҚШ долларындағы еурооблигацияларды, малазиялық рингиттердегі «Сукук-Аль-Мурабаха» ислам облигацияларын және Холдинг әрі оның еншілес кәсіпорындары қазақстандық теңгеде шығарған өзге облигацияларды қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған бағасы бойынша көрсетіледі. Егер Холдинг өзі шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алатын болса, олар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады, ал міндеттеменің баланстық құны және төленген сомасы арасындағы айырмашылық берешекті мерзімінен бұрын реттеуден табыс құрамына енгізіледі.

Туынды қаржы құралдары. Валюта айырбастау келісімшарттарын, проценттік фьючерстерді, болашақ проценттік ставка туралы келісімдерді, валюталық және проценттік своптарды, сондай-ақ валюталық және проценттік опциондарды қоса алғанда, туынды қаржы құралдары әділ бағасы бойынша көрсетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Барлық туынды құралдар, егер олардың әділ бағасы оңды болса, активтер сияқты және егер олардың бағасы теріс болса, міндеттемелер сияқты ескеріледі. Туынды құралдардың әділ бағасының өзгерістері туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып, табыстар сияқты өзгерістерді белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан кіріс не шығыс құрамында жылдың кірісіне не шығысына енгізіледі.

Басқа қаржы құралдарына енгізілген кейбір туынды құралдар, егер олардың тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса, негізгі шарттан бөлінеді.

Мемлекеттік субсидиялар. Мемлекеттік субсидиялар Үкімет, мемлекеттік агенттіктер және мемлекеттік ұйымдар Холдингінің операциялық қызметіне жататын, өткенде не болашақта белгілі бір шарттарды орындауға айырбастау үшін Холдингіге ресурстарды аудару нысанында ұсынылатын көмекті білдіреді. Холдинг осы субсидияларға байланысты барлық шарттарды орындайды және көрсетілген субсидияларды алады дегенде негізделген сенімділік болмаса ғана, мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі шарттар болған жағдайда, субсидиялар өзге міндеттемелердің құрамында танылады.

Нарықтан төмен сыйақы ставкасы бойынша мемлекеттік займды алудан пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Нарықтан төмен сыйақы ставкасынан пайда займның бастапқы баланстық құны және түсімдер сомасы арасындағы айырмашылық сияқты бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар белгілі бір кезеңдер ішінде жүйелі негізде кіріс не шығыс құрамында танылады, осы кезеңдерде Холдинг шығындар ретінде субсидиялардың қаражаты өтеуге арналған тиісті жұмсалған қаражатты таниды.

Табыс салығы. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте салық ставкаларын және есептік кезеңнің соңында қолданылған не іс жүзінде күшіне енген заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығындар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындар өзінде ағымдағы салықтар бойынша шығынды/табысты және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығындарды/табыстарды қамтиды және егер олар өзге жиынтық табыстың немесе тікелей капиталдың құрамында сол не басқа кезеңде көрсетілген операцияларға жататынына байланысты өзге жиынтық табыстың немесе тікелей капиталдың құрамында көрсетілмесе, жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі.

Ағымдағы салық салу органдарына төленуге немесе ағымдағы және одан алдын болған кезеңдер үшін салық салынатын кіріске не шығысқа қатысты салық органдарына өтелуге күтілетін табыс салығының сомалары негізінде есептеледі. Егер шоғырландырылған қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілетін болса, салық салынатын кіріс не шығыс бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығын қоспағанда, салықтар бойынша өзге шығындар әкімшілік және өзге операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы және олардың баланстық құны арасында кейінге қалдырылған салық шығысы мен уақыт айырмашылықтарына қатысты баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Алғашқы тану үшін ерекшелікке сәйкес кейінге қалдырылған салық, егер бастапқы тану кезінде бизнесті бірікті нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларын қоспағанда, мәміле не бухгалтерлік, не салық салынатын кіріске ықпал етпесе, активті не міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты ескерілмейді. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер есептік кезеңнің соңында қолданылатын не іс жүзінде әрекет ететін және күтілетіндей, уақыт айырмашылықтары не кейінге қалдырылған салық шығыстары жүзеге асырылатын кезеңде қолданылатын салық салу ставкаларын пайдалана отырып, анықталады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Холдингінің әрбір жеке компаниясы аясында ғана өзара ескеріледі.

Салық салу базасын азайтатын уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық шығыстары оған қарсы салық салынатын уақыт айырмашылықтары пайдалануы мүмкін салық салынатын кірісті алу ықтималдығының болу дәрежесінде ғана көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы Холдинг еншілес кәсіпорынның дивидендтерге қатысты саясатын бақылайтын және уақыт айырмашылықтары дивидендтер не өзге бір әдіс арқылы жақын болашақта ескерілмейді деген болжам болған жағдайларда сатып алынғаннан және сатып алғаннан кейін еншілес кәсіпорындар қорларының басқа өзгерістерінен кейін алынған таратылмаған кіріске қатысты танылмайды.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Белгіленбеген салық позициялары. Басшылық Холдингінің белгіленбеген салық позицияларын әрбір есептік кезеңнің соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық, егер салық органдары Холдингінің салық позициясын даулайтын болса, қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуы мүмкін деп санаған жағдайларда ескеріледі. Осындай бағалау есептік кезеңнің соңына қарай қолданылған не іс жүзінде күшіне енген салық заңнамасын және осындай мәселелер бойынша соттың кез келген белгілі бір қаулысын не өзге шешімін талқылау негізінде орындалады. Табыс салығын қоспағанда, айыппұлдар, есімақылар мен салықтар бойынша міндеттемелер есептік кезеңнің соңына қарай міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындарды басшылықтың ең үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

Міндеттемелер мен аударымдарға арналған резервтер. Міндеттемелер мен аударымдарға арналған резервтер белгісіз мерзімі не сомасы бар қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Резервтер Холдингінің қандай да бір өтіп кеткен оқиға нәтижесінде пайда болған міндеттемесі (заңдық немесе қалыптасқан тәжірибемен айқындалған міндеттеме (конклюденттік)) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте міндеттемені реттеу үшін Холдингіге экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығып кетуі және міндеттеменің мөлшеріне сенімді бағалауды жүргізу талап етілуі мүмкін.

Өнім берушілермен есеп айырысулар және өзге кредиторлық берешек. Кредиторлық берешек контрагент өзінің міндеттемелерін орындаған кезде танылады және амортизацияланған бағасы бойынша көрсетіледі.

Акционерлік капитал. Жай акциялар және міндетті өтелуге жатпайтын және олар бойынша басшылықтың қалауы бойынша дивидендтер жарияланатын артықшылықты акциялар капитал сияқты көрсетіледі. Жаңа акциялардың эмиссиясына тікелей жататын қосымша жұмсалған қаражат капиталда түсімнің азайғаны (салық ескерілмей) сияқты көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ бағасы шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асып кететін сома капиталда эмиссиялық табыс сияқты көрсетіледі.

Дивидендтер. Дивидендтер міндеттемелер сияқты танылады және егер олар есептік кезеңнің соңына дейін жарияланып, бекітілген болса ғана, есептік кезеңнің соңында капиталдың сомасынан алынып тасталады. Дивиденд туралы ақпарат, егер олар есептік кезеңнің соңына дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есептік кезең аяқталып, бірақ шығаруға дейін шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін ұсынылған не жарияланған болса, шоғырландырылған есептілікті ашылады.

Қосымша төленген капитал. Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары Қазақстан Республикасының Үкіметінен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ыдан (әрі қарай – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ) АҚ) немесе жауапты мемлекеттік органдардан төмен сыйақы ставкасымен несие және реттелген облигациялар түрінде әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары үшін қаржыландыру алады. Бастапқы тану кезінде осындай қаржыландыру болашақ келісімшарттық ақшалай ағымдарды дисконттау үшін сыйақының тиісті нарықтық ставкасын пайдалана отырып есептелген, әділ баға бойынша танылады. Әділ баға және алынған қаржыландыру арасындағы айырмашылық тек мақсаты бойынша игерілмеген бөлікті қайтару шартымен берілген займдарды қоспағанда, қосымша төленген капитал ретінде танылады. Кері өтеу талабы бар құқықпен берілген займдардың әділ бағасы және алынған қаражат арасындағы айырмашылық олар бойынша займ мерзімі бойы кіріске не шығысқа ауыстырылатын, кейінге қалдырылған табыс ретінде танылады.

Табыстар мен шығындарды көрсету. Барлық борыштық құралдар бойынша проценттік табыстар мен шығындар проценттің тиімді ставкасының әдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есеп проценттік табыстар мен шығындарға шарт тараптары төлеген және алған және проценттің тиімді ставкасының ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша жұмсалған қаражатты, сондай-ақ барлық өзге сыйлықақыларды не жеңілдіктерді қамтиды.

Проценттің тиімді ставкасына жататын комиссиялар қаржы активін қалыптастыруға немесе сатып алуға не қаржы міндеттеменің шығарылуына (мәселен, несие қабілеттілігін бағалау, кепілдікті не қамтамасыз етуді бағалау не есептеу, құралды ұсыну шарттарын реттеу және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялық) байланысты алынған не төленген комиссияларды қамтиды. Холдинг нарықтық ставка бойынша несиені ұсыну бойынша міндеттемені шығару үшін алған комиссиялары проценттің тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылады, егер Холдинг нақты несиелік келісім жасайды және несиені ұсынғаннан кейін қысқа мерзім ішінде оның сатылуын жоспарламайды деген ықтималдық болса. Холдинг несиені ұсыну бойынша міндеттемені өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы міндеттемесі ретінде топтастырмайды.

Берілген несиелер мен өзге борыштық құралдарды уақытында өтеуде күмән туындаған жағдайда, олар құнсыздану сомасын анықтау мақсатында болашақ ақшалай ағымдарды дисконттау үшін қолданылған проценттің тиімді ставкасы негізінде проценттік табысты кейіннен көрсете отырып, өтелетін бағасына дейін есептен шығарылады.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Барлық өзге комиссиялық табыстар, өзге табыстар және өзге шығындар, әдеттегідей, ұсынылуы тиіс қызметтердің жалпы көлемінде іс жүзінде көрсетілген қызметтің үлесі сияқты анықталатын нақты мәміленің аяқталу дәрежесіне қарай есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Синдикатталған несиелер үшін комиссия синдикаттау операциясы аяқталып, Холдинг өзіне несиелік пакеттің бөлігін қалдырмаған жағдайда немесе Холдинг мәмілеге басқа қатысушылар сияқты проценттің дәл сол тиімді ставкасы бойынша пакеттің бір бөлігін қалдырған жағдайда, табыс сияқты көрсетіледі.

Үшінші тараптар үшін мәмілелерді ұйымдастыру, мәселен, несиелерді, акцияларды не басқа бағалы қағаздарды сатып алу немесе көрсетілген операцияларды жасау кезінде алынған компанияларды сату не сатып алу бойынша комиссиялық табыстар мәміле аяқталғаннан кейін көрсетіледі. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі комиссиялық табыстар және өзге басқарушылық және консультациялық қызметтер жұмсалған уақытына байланысты қызметтерді көрсету туралы шарттардың ережелеріне сәйкес көрсетіледі. Инвестициялық қорлардың активтерін басқару бойынша комиссиялық табыстар осы қызметтерді көрсету кезеңі бойынша көрсетілген қызметтердің көлеміне барабар көрсетіледі. Дәл осы қағида мүлкіті басқаруға, қаржылық жоспарлауға байланысты қызметтерге қатысты және ұзақ уақыт бойы тұрақты негізде көрсетілетін депозитарлық қызметтерге қатысты қолданылады.

Шетелдік валютаны қайта бағалау. Холдингтің құрамына кіретін әрбір кәсіпорынның функционалдық валютасы осы кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Холдингтің функционалдық валютасы және Холдингтің есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстандық теңге болып табылады.

Ақшалай активтер мен міндеттемелер тиісті есептік кезеңнің соңына қарай Қазақстандық қор биржасының (әрі қарай – «ҚҚБ») ресми бағамы бойынша әрбір кәсіпорынның функционалдық валютасына аударылып есептеледі. Шетелдік валютадағы операциялар бойынша есеп айырысулардан және ақшалай активтер мен міндеттемелерді жылдың соңында ҚҚБ ресми айырбастау бағамы бойынша әрбір кәсіпорынның функционалдық валютасымен есептеуден оң және теріс бағам айырмашылықтары жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі (шетелдік валютаны қайта бағалаудан шығындарды шегере отырып табыстар сияқты). Жыл соңында айырбастау бағамы бойынша қайта есептеу бастапқы бағасы бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарға қатысты қолданылмайды.

Инвестициялар мен үлестік құралдарды қоса алғанда, шетелдік валютамен әділ баға бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ бағаны бағалау күні әрекет еткен айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік валютамен әділ баға бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар бойынша бағам айырмашылықтарының ықпалы әділ баға бойынша қайта бағалаудан табыстар не шығындар бөлігі ретінде көрсетіледі.

Берілуі мен алынуы Холдинг ішіндегі кәсіпорындардың арасында өтіп жататын несиелер және оларға байланысты алынған оң және теріс бағам айырмашылықтары шоғырландыру кезінде алынып тасталынады.

Төменде шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін қолданылатын ресми айырбастау бағамдары ұсынылған:

	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
<i>АҚШ доллары</i>		
Жыл соңындағы бағамы	182.35	154.06
Жылдың орташа бағамы	179.19	152.14
<i>Ресейлік рубль</i>		
Жыл соңындағы бағамы	3.17	4.69
Жылдың орташа бағамы	4.76	4.78
<i>Еуро</i>		
Жыл соңындағы бағамы	221.97	211.17
Жылдың орташа бағамы	238.10	202.08

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Холдинг құрамына функционалдық валютасы Холдинг валютасынан ерекшеленетін еншілес кәсіпорындар кіреді. Тиісінше, Холдингтің әрбір кәсіпорнының қызмет ету нәтижелері мен қаржылық ахуалы (функционалдық валютасы - теңге емес) ұсыну валютасына мынадай жолдармен ауыстырылады:

- (i) қаржылық жағдай туралы әрбір ұсынылған есептегі активтер мен міндеттемелер тиісті есептік кезеңнің соңына қарай жабу бағамы бойынша қайта есептеледі;
- (ii) табыстар мен шығындар орташа айырбастау бағамы бойынша ауыстырылады (егер осы орташа бағам операциялар күндеріне бағамдардың жинақталған нәтижесіне негізделген түрде жақындатылған болмаса, онда табыстар мен шығындар операциялардың күндеріне қарай бағам бойынша қайта есептеледі);
- (iii) капитал компоненттері бастапқы бағам бойынша қайта есептеледі; және
- (iv) аудару нәтижесінде барлық туындайтын бағам айырмашылықтары капитал құрамында танылады.

Шетелдегі бөлімшенің үстінен бақылау жоғалған жағдайда бұрын өзге жиынтық табыс құрамында көрсетілген бағам айырмашылықтары шығып кетуден кіріс не шығыс бөлігі ретінде жылдық кірісіне не шығысына ауыстырылуы тиіс. Еншілес кәсіпорын бақылау жоғалмай, жартылай шығып кеткен жағдайда жинақталған бағам айырмашылықтарының тиісті бөлігі капиталдағы бақыланбайтын үлеске жатқызылады.

Өзара есепке жатқызу. Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке жатқызылады және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте таза мөлшері көрсетілген сомаларды өзара есепке жатқызуды жүргізу туралы заңнамалық деңгейде орнатылған құқық, сондай-ақ не өзара есепті жатқызуды жүргізу, не бір мезгілде активті сату және міндеттемені реттеу ниеті болған жағдайларда ғана көрсетіледі.

Персоналды ұстауға шығындар және олармен байланысты аударымдар. Еңбекақыға шығындар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, ақысы төленетін жыл сайынғы демалыстар және ауру бойынша ақысы төленетін демалыс, сыйлықақылар және ақшалай емес нысандағы жеңілдіктер Холдинг қызметшілеріне тиісті қызметтерді көрсеткен сайын есептеледі. Белгіленген жарналары бар мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, Холдингтің зейнетақыны не ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден шығатын міндеттемелері жоқ.

Өтімділік тәртібінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарын ұсыну. Холдингтің нақты белгіленетін операциялық циклі жоқ және сондықтан Холдинг қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 37-ескертуде өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша ұсынылған.

Салыстырмалы деректерді ұсыну. Салыстырмалы деректер ағымдағы жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістерге сәйкес келу мақсатында қайта топтастырылды.

Шығарғаннан кейін шоғырландырылған қаржылық есептілікке өзгерістерді енгізу. Шығарғаннан кейін осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі кез келген өзгерістер шоғырландырылған есептілікті шығаруға рұқсат берген Холдинг Басшылығының келісімін талап етеді.

Есептік саясатты өзгерту. Холдинг бастапқы қолдану күні ретінде 2014 жылғы 1 қаңтарды қабылдап, өзге стандарттарға кез келген кейінгі түзетулерді қоса алғанда, мынадай жаңа стандарттарды және стандарттар, а түзетулерді қабылдады.

- ХҚЕС түзетулер (IAS) 32 «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну» – «Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жатқызу» қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке жатқызудың жаңа қағидаларын енгізбейді, ал оларды қолданудағы сәйкессіздіктерді жою мақсатында өзара есепке жатқызу өлшемдерінің түсініктерін қамтиды. Түзетулер кәсіпорынның осы уақытта өзара есепті жатқызуды жүргізудің шынайы заңдық құқығы бар екендігін нақтылайды, егер осы құқық болашақ оқиғаларға байланысты тәуелді болмаса, сондай-ақ ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында және міндеттемені орындамау (дефолт), кәсіпорынның және оның барлық контрагенттерінің төлем қабілетсіздігі не банкроттығы жағдайында шынайы болып табылса.

4 Есептік саясатты қолдануда маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдар

Холдинг шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржылық жылы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына ықпал ететін есептік бағалар мен болжамдарды жүргізеді. Есептік бағалар мен пайымдар басшылық тәжірибесі және басшылықтың пайымдауынша, ағымдағы мән-жайлар төңірегінде негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарды қоса алғанда, басқа факторлар негізінде үнемі талқыланады. Сондай-ақ басшылық есептік саясатты қолдану процесінде кәсіби пайымдар мен бағаларды пайдаланады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға ең қатты ықпал ететін кәсіби пайымдар және нәтижесі келесі қаржы жылы бойы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету болуы мүмкін бағалар мыналарды қамтиды:

Несиелердің құнсыздануынан шығыстар. Холдинг өзінің несиелік портфельін тұрақты негізде құнсыздану мәніне қарай талдайды. Құнсызданудан шығысты жылдың кірісінде не шығысында көрсету қажеттілігін анықтау кезінде Холдинг осы портфельде жеке несие бойынша төмендеу анықталмастан бұрын, несиелік портфель бойынша есептік болашақ ақшалай ағымдардың өлшенетін төмендеуі туралы куәландыратын көрнекі белгілердің болуы туралы кәсіби пайымдауларды қолданады. Осындай көрсеткіш топтағы қарыз алушылардың төлемдік мәртебесінің келеңсіз өзгеруі немесе топтағы активтер бойынша міндеттемелердің орындалмауына байланысты ұлттық не жергілікті экономикалық жағдайлар туралы өлшеуге жататын деректерді қамтуы мүмкін. Басшылық несиелік тәуекел сипаттамалары бар активтерге қатысты өткен жылдарда шығыстар және ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарын болжау үшін қолданылған, портфельдегі активтерге ұқсас объективті құнсыздану белгілері туралы деректер негізінде бағаларды қолданады. Ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарының сомалары мен мерзімдерін бағалау үшін қолданылатын әдістеме мен болжамдар есептік және нақты шығыстар арасындағы кез келген ауытқуды төмендету үшін үнемі талқыланады. Жеке-жеке маңызды (жеке маңызды) болып табылатын несиелердің құнсыздануынан шығыстар несиенің өтелуін және тиісті несие бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтердің сатылуын ескере отырып, осы жекеленген несиелер бойынша, дисконтталған болашақ ақшалай ағымдарға, бағалау көрсеткіштеріне негізделген. Елеулі тұрлаусыз бағаларға қатысты және несиелердің құнсыздануына қатысты бағалау бөлігіндегі сыни дәлелді пайымдауларға қатысты ақпарат 9-ескертуде ұсынылған.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активті тану. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған актив болашақ табыс салықтарға қарсы есептелуі мүмкін табыс салығының сомасын білдіреді және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив тиісті салық жеңілдігінің пайдаланылуы мүмкін дәрежеде ғана танылады. Болашақ салық салынатын кірісті және болашақта пайда болуы мүмкін салықтық жеңілдіктердің сомаларын анықтау басшылық дайындаған орта мерзімді болжамға негізделген.

Өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын өзге қаржы активтері. «ҚКМ» АҚ-ы тікелей инвестициялар қорларына инвестиция жасайды, олар кейіннен алынған қаражатты Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерде венчурлық кәсіпорындардың капиталына инвестиция жасайды. Қорлардың басқарушылары инвестицияларды «ҚКМ» АҚ-ымен алдын ала келісілген инвестициялық стратегияға сәйкес жеке өздері жүзеге асырады. «ҚКМ» АҚ-ы тоқсан сайынғы негізде инвестициялардың әділ құны туралы есептерді алады және қорлардың инвестициялық немесе/және операциялық шешімдерін қабылдауға қатыспайды. Холдинг басшылығы аталған инвестицияларды өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатына жатқызады және осы инвестициялардың әділ бағасын 41-ескертуде сипатталғандай қаржылық үлгілер негізінде әрбір түпкілікті инвестициялық нысанның әділ бағасын жеке анықтау арқылы бағалайды.

Салық заңнамасы. Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы әртүрлі талқылау мүмкіндігіне жол береді (38-ескертуде).

4 Есептік саясатты қолдануда маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдар (жалғасы)

Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану. Холдинг өзінің қарапайым қызметі барысында байланысты тараптармен операцияларды жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ баға бойынша көрсетілуі тиіс. Осындай операциялар белсенді нарық болмаған жағдайда нарықтық не нарықтық емес проценттік ставкалар бойынша операциялардың іске асырылғанын анықтау үшін кәсіби пайымдар пайдаланады. Пайымдар үшін негіздеме байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді проценттік мөлшерлеменің талдауы болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 43-ескертуде көрсетілген.

Қазақстанның дамып келе жатқан қор нарығы жағдайында қаржы құралдарының әділ бағасын анықтау. Қаржы құралдарының әділ бағасын анықтау кезінде Холдингтің басшылығы белсенді нарықтағы ақпараттың ең сенімді көзі ретінде ҚҚБ белгіленген бағаларын басшылыққа алады.

Холдинг басшылығы портфельдегі бағалы қағаздарға қатысты ҚҚБ-да өткізілетін операциялардың жиілігін талдайды және 1-деңгейге жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемімен сатылатын бағалы қағаздарды жатқызады. ҚҚБ-да бағасы белгіленген қалған бағалы қағаздар 2-деңгейге жатады.

Егер Холдингтің бағасы белгіленбеген активтерге инвестициялары болса, онда осындай активтердің әділ бағасы ақшалай ағымдарды дисконттау үлгісі, сондай-ақ нарықтық жағдайда жасалатын, ұқсас операциялардың деректеріне негізделген үлгілері сияқты бағалау әдістерінің негізінде анықталады.

Холдинг басшылығы қаржы құралдарының әділ бағасын дұрыс көрсету үшін әділ бағаның барлық ықтимал және ең толық әрі тиянақты көздер пайдаланылды деп санайды.

Туынды қаржы құралдары. Холдингтің туынды қаржы құралдарымен мәмілелерге көзқарасы 40-ескертуде ашылған.

Мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша нарықтан төмен ставкалар бойынша тартылған және орналастырылған қаражатты бастапқы тану. 2014 жылы экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында банктер мен клиенттерге берілген несиелерді және тартылған қаражатты есепке алу мен бағалауға деген көзқарас 8 және 21-ескертудерде ашылған.

5 Жаңа есептік ережелер

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсініктемелер қолданысқа енгізілмеген және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылмаған. Көрсетілген жаңа ережелерден мынадай стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер Холдингтің қызметіне ықпал етуі мүмкін. Холдинг көрсетілген стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді олардың қолданысқа ену сәтінен бастап қолдануды жоспарлайды.

- 2014 жылдың шілде айында жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданыстағы ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ауыстырады. ХҚЕС (IFRS 9) құнсыздануды бағалау үшін күтілетін несиелік шығыстардың жаңа үлгісін қоса алғанда, қаржы активтерін топтастыру мен бағалауға қатысты қайта қаралған нұсқаулықты және хеджирлеу есебі бойынша жаңа ортақ талаптарды қамтиды. Сондай-ақ жаңа стандарт ХҚЕС (IAS) 39-да қабылданған қаржы құралдарын тануға және олардың танылуын тоқтатуға қатысты нұсқаулықты өз күшінде қалдырады. Холдинг жаңа стандарттың қаржы құралдарын есепке алу процесіне айтарлықтай өзгерістерді енгізетінін және сірә, қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал ететінін мойындайды. Холдинг осы өзгерістердің ықпалына бағалауды жүргізбеді. Холдингтің осы стандартты мерзімінен бұрын қолдануға ниеті жоқ. Стандарт 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе кештеу басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, ретроспективалық қолдануға жатады.
- Алуан түрлі «ХҚЕС жетілдіру» әрбір стандартқа қатысты жеке қаралады. Ұсыну, тану не бағалау мақсатында бухгалтерлік есепті жүргізудегі өзгерістерге әкелетін барлық түзетулер 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізіледі. Холдинг өзінің қаржылық жағдайына не қызмет нәтижелеріне жетілдірулердің ықтимал ықпалына талдау жүргізбеді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

6 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	179,790,362	115,466,604
Ағымдағы шоттар	47,646,330	31,400,421
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	18,925,383	63,179,665
Басқа банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын депозиттер	10,764,789	10,139,304
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері	3,459,227	15,454,859
Қолма-қол қаражат	1,956,452	864,316
ҚРҰБ-дағы шоттарда міндетті резервтер	1,234,604	642,244
Барлығы ақшалай қаражат және олардың баламалары	263,777,147	237,147,413

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің немесе Moody's не Fitch агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Ағымдағы шоттар	Кері репо шарттары	Басқа банктердегі депозиттер	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>						
- ҚРҰБ	181,024,966	-	-	-	-	181,024,966
- «А-» бастап «А+» дейін рейтингімен	-	698,044	-	-	2,867,557	3,565,601
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингімен	-	1,147,218	13,895,643	-	504	15,043,365
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	-	18,103,859	5,029,740	1,902,592	2,246	25,038,437
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингімен	-	27,392,737	-	8,862,197	588,920	36,843,854
- «C» рейтингімен	-	8,573	-	-	-	8,573
- рейтингі жоқ	-	295,899	-	-	-	295,899
Қолма-қол ақшалай қаражатты қоспағанда, барлығы ақшалай қаражат пен олардың баламалары	181,024,966	47,646,330	18,925,383	10,764,789	3,459,227	261,820,695

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

6 Ақшалай қаражат және олардың баламалары (жалғасы)

Төменде кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің немесе Moody's не Fitch агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Ағымдағы шоттар	Кері репо шарттары	Басқа банктердегі депозиттер	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>						
- ҚРҰБ	116,108,848	-	-	-	-	116,108,848
- «А-» бастап «А+» дейін рейтингімен	-	44,811	-	-	15,429,759	15,474,570
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингімен	-	1,189,893	31,496,173	1,500,000	-	34,186,066
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	-	2,998,009	-	9,357	16,334	3,023,700
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингімен	-	23,607,941	-	7,830,672	8,766	31,447,379
- C рейтингімен	-	3,381,610	-	-	-	3,381,610
- рейтингі жоқ	-	178,157	31,683,492	799,275	-	32,660,924
-						
Қолма-қол ақшалай қаражатты қоспағанда, барлығы ақшалай қаражат пен олардың баламалары	116,108,848	31,400,421	63,179,665	10,139,304	15,454,859	236,283,097

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің 1,000,000 мың теңгеден асып кеткен ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының жалпы сомасы бар 8 банк-контрагенті (2013 жылғы 31 желтоқсан: 10 банк-контрагент) болған. Осы қалдықтардың жиынтық сомасы 2014 жылдың 31 желтоқсанына қарай 214,498,685 мың теңге құрады (2013 жылғы 31 желтоқсан: 132,699,120 мың теңге) немесе 81% ақшалай қаражатты және олардың баламаларын (2013 жылғы 31 желтоқсан: 56%) құрады.

Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының проценттік ставкаларын талдау 37-ескертуде ұсынылған. Байланысты тараптарпен операциялар бойынша ақпарат 43-ескертуде ұсынылған.

7 Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілген әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
Саудалық бағалы қағаздар		
- Корпоративтік облигациялар	2,333,359	2,691,894
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын өзге қаржы құралдары		
<i>Борыштық құралдар</i>		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	4,826,571	4,805,500
- Корпоративтік облигациялар	4,779,070	5,057,176
<i>Үлестік құралдар</i>		
- Қорларға инвестициялар	26,236,605	14,456,090
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары барлығы	38,175,605	27,010,660

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

7 Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары (жалғасы)

Кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің не Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша, өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың талдауы келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	Корпоративтік облигациялар	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген</i>			
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі рейтингімен	4,826,571	2,325,024	7,151,595
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	-	3,925,375	3,925,375
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	-	862,030	862,030
Белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары барлығы	4,826,571	7,112,429	11,939,000

Кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің не Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша, өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың талдауы келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	ҚР Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	Корпоративтік облигациялар	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген</i>			
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі рейтингімен	4,805,500	2,329,202	7,134,702
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	-	1,535,575	1,535,575
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	-	2,556,385	2,556,385
- рейтингі жоқ	-	1,327,908	1,327,908
Белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары барлығы	4,805,500	7,749,070	12,554,570

Үлестік құралдар инвестициялық қорлардың бағасы белгіленбеген акцияларымен ұсынылған. Акциялардың әділ бағасы туралы толық ақпарат 41-ескертуде ұсынылған.

Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдарының проценттік ставкаларының талдауы 37-ескертуде ұсынылған. Байланысты тараптар шығарған, өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтері жөнінде ақпарат 43-ескертуде ұсынылған.

8 Банктердегі қаражат

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген несиелер	236,221,725	133,432,363
Ұзақ мерзімді депозиттер	207,953,388	169,059,274
Банктердегі қаражат	444,175,113	302,491,637
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,523,123)	(2,254,819)
Банктердегі қаражат барлығы	442,651,990	300,236,818

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат (жалғасы)

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойы Холдинг өнеркәсіптің өңдеуші және басқа салаларында жеке кәсіпкерлік субъектілерін әрі қарай қаржыландыру үшін банктерге 234,500,000 мың теңге сомасына несиелерді берді. Осы несиелер, көбінесе, жиырма жылға берілді, өтеу мерзімі 2034 жылы түседі. Басында банктер қаржы мекемелеріне берген несиелер әділ баға бойынша танылған, ол болашақ келісімшарттық ақшалай ағымдарды дисконттау үшін сыйақының тиісті нарықтық ставкасын қолдану арқылы анықталды. 2014 жылы банктерге берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі дисконттан шығыс 133,703,404 мың теңгені құрады және кіріс не шығыс туралы шоғырландырылған есепте өзге операциялық табыстар құрамында «қаржы құралдарын нарықтан төмен ставкалар бойынша бастапқыда тану кезінде туындаған шығындарды шегере отырып табыстар» бабында танылған. Осы несиелер Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ толықтай сатып алған, сыйақы ставкасы жылдық 0.1% және өтеу мерзімі 2034 жылы түсетін, теңгеге деноминантталған, облигацияларды шығару арқылы қаржыландырылғаннан кейін (21-ескерту), осы шығыс 135,514,026 мың теңге көлемінде мемлекеттік субсидиялар нысанындағы пайдамен өтелген (21-ескерту). Бұл несиелер мынадай шарттармен берілді:

- өнеркәсіптің өңдеуші салаларында ірі кәсіпорындарды әрі қарай қаржыландыру үшін жылдық ставкасы 2% бойынша жалпы номиналдық құны 50,000,000 мың теңге құрайтын несиелер (баланстық құны 19,108,428 мың теңге). Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 6% шектелген;
- өнеркәсіптің өңдеуші салаларында шағын және орта бизнес кәсіпорындарын әрі қарай қаржыландыру үшін жылдық ставкасы 2% бойынша жалпы номиналдық құны 140,000,000 мың теңге құрайтын несиелер (баланстық құны 40,602,970 мың теңге). Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 6% шектелген;
- әртүрлі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, экспорттық операцияларды жүргізу және жұмыс капиталын көбейту мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін ұсынылған номиналдық құны 35,000,000 мың теңге құрайтын несиелер (баланстық құны 36,088,041 мың теңге). Несиелер банктерге сыйақы ставкасы жылдық 7.9% бойынша ұсынылған, ал түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 11.5% шектеледі.
- әртүрлі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, экспорттық операцияларды жүргізу және жұмыс капиталын көбейту мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін ұсынылған номиналдық құны 9,500,000 мың теңге құрайтын несиелер (баланстық құны 6,742,160 мың теңге). Несиелер банктерге сыйақы ставкасы жылдық 2% бойынша ұсынылған, ал түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6 %-бен шектеледі.

2014 жылдың қазан айында Холдинг Азия Даму Банкінен 22,222,300 мың теңге көлемінде алған қаражатты шағын және орта кәсіпорындар үшін инвестициялық бағдарламаның II-траншы аясында проценттік мөлшерлемесі жылдық 7 % және өтеу мерзімі 2019 жылдың қазан айында келетін, мақұлданған қазақстандық коммерциялық банктерге берді.

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі не Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша басқа банктердегі қаражаттың талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Ұзақ мерзімді депозиттер	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>			
- «А-» бастап «А+» дейінгі рейтингімен	-	2,297,249	2,297,249
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі рейтингімен	27,840,706	2,596,915	30,437,621
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	12,201,222	72,007,984	84,209,206
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	178,664,542	130,375,009	309,039,551
- C рейтингімен	10,810,589	676,231	11,486,820
- рейтингі жоқ	5,181,543	-	5,181,543
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	234,698,602	207,953,388	442,651,990
<i>Жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>			
- төлемі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	1,523,123	-	1,523,123
Барлығы жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)	1,523,123	-	1,523,123
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,523,123)	-	(1,523,123)
Басқа банктердегі қаражат барлығы	234,698,602	207,953,388	442,651,990

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

8 Банктердегі қаражат (жалғасы)

Төменде кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі не Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша басқа банктердегі қаражаттың талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Ұзақ мерзімді депозиттер	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>			
- «А-» бастап «А+» дейінгі рейтингімен	-	1,922,435	1,922,435
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі рейтингімен	12,756,167	4,012,274	16,768,441
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	101,357	74,772,472	74,873,829
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	85,395,338	69,455,232	154,850,570
- C рейтингімен	28,180,936	8,422,439	36,603,375
- рейтингі жоқ	5,337,428	9,880,740	15,218,168
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	131,771,226	168,465,592	300,236,818
<i>Жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>			
- төлемі 30 күннен кем мерзімге кешіктірілген	-	593,682	593,682
- төлемі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	1,661,137	-	1,661,137
Барлығы жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)	1,661,137	593,682	2,254,819
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,661,137)	(593,682)	(2,254,819)
Басқа банктердегі қаражат барлығы	131,771,226	168,465,592	300,236,818

Холдинг несиенің не депозиттің құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі фактор оның мерзімі өтіп кеткен мәртебесі болып табылады. Осының негізінде Холдинг жоғарыда жеке тәртіппен құнсыздалған сияқты анықталған, несиелер мен депозиттердің берешек мерзімдері бойынша талдауды ұсынды.

Төменде банктер мен қаржы мекемелеріне берілген депозиттер мен несиелердің құнсыздануына резерв өзгеруінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2014	2013
1 қаңтарға қарай құнсыздануға резерв	2,254,819	1,662,184
Жыл бойы құнсыздануға резервті таза қалпына келтіру/жасау	(593,682)	592,635
Жыл бойы үмітсіз сияқты есептен шығарылған қаражат	(138,014)	-
31 желтоқсанға қарай құнсыздануға резерв	1,523,123	2,254,819

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің 10 банк-контрагентінде (2013 жылғы 31 желтоқсан: 10 банк-контрагент) қаражаттың жалпы сомасы 5,000,000 мың теңгеден асып кететін ақшалай қаражаттың қалдықтары бар. Осы депозиттердің жиынтық сомасы 2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай 239,785,657 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсан: 147,234,473 мың теңге) немесе банктердегі қаражаттың жалпы сомасынан 54.17% (2013 жылғы 31 желтоқсан: 49.04%) құрады:

Банктердегі қаражаттардың қамтамасыз етілуі жоқ.

Басқа банктердегі қаражат сомасының әрбір санатының әділ құнын бағалауға қатысты 41-ескертуді қараңыз. Банктердегі қаражаттың проценттік ставкаларының талдауы 37-ескертуде ұсынылған. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 43-ескертуде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
Корпоративтік несиелер	929,071,168	549,604,880
Тікелей берілген ипотекалық несиелер	213,279,044	158,796,800
Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	79,307,035	90,032,083
ШОБ несиелері	2,886,871	3,150,634
Клиенттерге берілген несиелер	1,224,544,118	801,584,397
Несиелік портфельдің құнсыздануына резервті шегере отырып	(153,209,090)	(150,091,830)
Клиенттерге берілген несиелер барлығы	1,071,335,028	651,492,567

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойы Холдинг екі коммерциялық банктен ипотекалық несиелердің портфельдерін сатып алды (2013 жылы: үш коммерциялық банктен). Несиелер әділ баға бойынша 12,493,704 мың теңге жалпы сомасына танылған (2013 жылы: 54,444,968 мың теңге).

Төменде 2014 жыл бойы несиелік портфельдің құнсыздануына резерв өзгеруінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоратив- тік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерция- лық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтарға қарай несиелік портфельдің құнсыздануына резерв	141,544,705	2,164,637	3,333,347	3,049,141	150,091,830
Жыл бойы құнсыздануға резервті таза қалпына келтіру	(837,438)	(580,742)	307,136	(579,917)	(1,690,961)
Жыл бойы үмітсіз сияқты есептен шығарылған несиелер	(24,546,271)	(431,117)	(172,666)	(32,321)	(25,182,375)
Бұрын есептен шығарылған сомаларды қалпына келтіру	3,640,185	-	-	392,031	4,032,216
Бағам айырмашылығы	25,958,380	-	-	-	25,958,380
2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай несиелік портфельдің құнсыздануына резерв	145,759,561	1,152,778	3,467,817	2,828,934	153,209,090

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Төменде 2013 жыл бойы несиелік портфельдің құнсыздануына резерв өзгеруінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоративтік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
2013 жылғы 1 қаңтарға қарай несиелік портфельдің құнсыздануына резерв	129,951,898	1,135,291	3,874,770	3,256,942	138,218,901
Жыл бойы құнсыздануға резервті таза қалпына келтіру	6,715,409	600,928	80,542	(209,462)	7,187,417
Жыл бойы үмітсіз сияқты есептен шығарылған несиелер	-	72,206	(621,965)	(1,661)	(551,420)
Бұрын есептен шығарылған сомаларды қалпына келтіру	1,741,280	356,212	-	3,322	2,100,814
Бағам айырмашылығы	3,136,118	-	-	-	3,136,118
2013 жылғы 31 желтоқсанға қарай несиелік портфельдің құнсыздануына резерв	141,544,705	2,164,637	3,333,347	3,049,141	150,091,830

2013 жыл бойы құнсыздануға резерв бұрын үмітсіз сияқты 98,223 мың теңге мөлшерінде есептен шығарылған сомаларды қалпына келтіруге байланысты жылдың кірісінде не шығысында ұсынылған сомадан ерекшеленеді. Осы сомалар жылдың кірісінде не шығысында резервтің жолын азайту арқылы тікелей көрсетілген.

Төменде экономиканың салалары бойынша несиелік портфельдің шоғырлануы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014		31 желтоқсан 2013	
	Сома	%	Сома	%
Мұнай-газ өнеркәсібі	357,998,061	29.24	160,694,871	20.05
Ипотекалық несиелер	292,586,079	23.89	248,828,884	31.04
Тау-кен өндіру, металлургия өнеркәсібі және минералдық ресурстар	202,270,307	16.52	94,925,776	11.84
Ауыл шаруашылығы	65,755,212	5.37	70,540,563	8.80
Энергия және электр энергиясын тарату	61,204,764	5.00	35,888,112	4.48
Телекоммуникациялар	61,177,334	5.00	11,308,722	1.41
Тоқыма өнеркәсібі	51,789,587	4.23	39,285,322	4.90
Құрылыс	37,072,017	3.03	34,223,786	4.27
Химия өнеркәсібі	21,274,525	1.74	33,541,140	4.18
Тасымалдау және қойма шаруашылығы	17,322,950	1.41	20,275,501	2.53
Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі	11,859,435	0.97	11577699	1.44
Тағам өнеркәсібі	9,312,251	0.76	8,563,332	1.07
Машина жасау	8,212,097	0.67	7,089,630	0.88
Баспагерлік қызмет	3,260,501	0.27	2,719,277	0.34
Фармацевтикалық өнеркәсіп	-	-	856,643	0.11
Өзге	23,448,998	1.90	21,265,139	2.66
Клиенттерге берілген несиелер барлығы (несиелік портфельдің құнсыздануына резервті шегере отырып)	1,224,544,118	100.00	801,584,397	100.00

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер сапасының талдауы келтіріледі:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоратив- тік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерция лық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>					
- Бұрын қайта құрылымдалмаған	708,176,221	196,195,087	55,407,834	-	959,779,142
- Қайта құрылымдалған	955,748	805,786	31,161	-	1,792,695
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	709,131,969	197,000,873	55,438,995	-	961,571,837
<i>Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған</i>					
- төлемі 30 күннен кем мерзімге кешіктірілген	-	2,963,081	1,616,641	-	4,579,722
- төлемі 30-90 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	657,743	455,270	-	1,113,013
- төлемі 91-180 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	-	158,799	-	158,799
- төлемі 181-360 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	-	71,221	-	71,221
- мерзімі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	-	2,683	1,554	-	4,237
Барлығы мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған	-	3,623,507	2,303,485	-	5,926,992
<i>Құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>					
- төлемі кешіктірілмей	19,091,960	9,606,072	17,190,796	-	45,888,828
- төлемі 30 күннен кем мерзімге кешіктірілген	30,714,629	677,167	148,686	-	31,540,482
- төлемі 30-90 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	196,035	222,532	-	418,567
- төлемі 91-180 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	441,183	195,894	-	637,077
- төлемі 181-360 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	682,737	143,321	-	826,058
- мерзімі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	170,132,610	1,051,470	3,663,326	2,886,871	177,734,277
Барлығы құнсыздалған несиелер (жалпы сомасы)	219,939,199	12,654,664	21,564,555	2,886,871	257,045,289
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(145,759,561)	(1,152,778)	(3,467,817)	(2,828,934)	(153,209,090)
Клиенттерге берілген несиелер барлығы	783,311,607	212,126,266	75,839,218	57,937	1,071,335,028

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Төменде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер сапасының талдауы келтіріледі:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоратив- тік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерциял ық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>					
- Бұрын қайта құрылымдалмаған	328,886,269	141,347,818	60,765,727	4,898	531,004,712
- Қайта құрылымдалған	-	161,647	-	-	161,647
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	328,886,269	141,509,465	60,765,727	4,898	531,166,359
<i>Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған</i>					
- төлемі 30 күннен кем мерзімге кешіктірілген	-	1,435,572	-	-	1,435,572
- төлемі 30-90 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	178,304	1,078,232	904	1,257,440
- төлемі 91-180 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	3,218	690,277	-	693,495
- төлемі 181-360 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	6,399	1,890,677	-	1,897,076
- мерзімі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	-	324,932	-	-	324,932
Барлығы мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған	-	1,948,425	3,659,186	904	5,608,515
<i>Құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>					
- төлемі кешіктірілмей	34,681,443	11,840,606	20,723,289	-	67,245,338
- төлемі 30 күннен кем мерзімге кешіктірілген	12,129,087	186,336	250,749	-	12,566,172
- төлемі 30-90 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	1,336,621	137,444	359,421	-	1,833,486
- төлемі 91-180 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	-	203,336	189,695	44,732	437,763
- төлемі 181-360 күнге дейінгі мерзімге кешіктірілген	2,812,256	129,006	311,352	-	3,252,614
- мерзімі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	169,759,204	2,842,182	3,772,664	3,100,100	179,474,150
Барлығы құнсыздалған несиелер (жалпы сомасы)	220,718,611	15,338,910	25,607,170	3,144,832	264,809,523
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(141,544,705)	(2,164,637)	(3,333,347)	(3,049,141)	(150,091,830)
Клиенттерге берілген несиелер барлығы	408,060,175	156,632,163	86,698,736	101,493	651,492,567

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Судалық портфельдің несиелік сапасы. Холдинг ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» құжатында көзделген портфель бойынша резервті жасау методологиясын пайдаланды және құнсызданудан орын алған, бірақ есептік кезеңнің соңына қарай нақты несиелемен байланысы сәйкестендірілмеген шығыстарды өтеуге резервті құрды. Холдинг саясаты әрбір несиенің топтастырылуын аталған несиенің нақты объективті құнсыздану белгілерін орнату сәтіне дейін «мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған» сияқты көздейді. Осы саясатты және портфельдің құнсыздануын есептеу методологиясын қолдану нәтижесінде құнсыздануға резервтер жеке құнсыздалған несиелердің жалпы қорытынды сомасынан асып кетуі мүмкін.

Холдинг несиенің құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі факторлар оның мерзімі өтіп кеткен мәртебесі және егер кепілдік қамтамасыз ету болған жағдайда, оны сату мүмкіндігі болып табылады. Осының негізінде Холдинг жоғарыда жеке тәртіппен құнсыздалған сияқты анықталған несиелердің берешек мерзімдері бойынша талдауды ұсынған.

Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған несиелер, көбінесе, қамтамасыз етілген несиелерді қамтиды, олар бойынша қамтамасыз етудің әділ бағасы проценттер мен негізгі соманың мерзімі өтіп кеткен төлемдерін өтейді. Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсыздалмаған сияқты көрсетілген сомалар жекелеген төлемдердің мерзімі өтіп кеткен төлемдерін ғана емес, ал осындай несиелер бойынша бүкіл қалдықты білдіреді.

Корпоративтік несиелердің құнсыздануына резервтер. Холдинг корпоративтік несиелердің құнсыздануына резервтің мөлшерін жеке құнсыздану белгілері бар несиелер бойынша ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарын талдау негізінде және бұрын жеке құнсыздану белгілері анықталмаған несиелердің портфельдері бойынша іс жүзінде орын алған шығыстардың осыған дейінгі тәжірибесі негізінде бағалайды.

Корпоративтік несиелердің құнсыздануына резервтің мөлшерін анықтау кезінде басшылық мынадай болжамдарды жасады:

- ағымдағы жағдайда ескере отырып түзетілген, іс жүзінде орын алған шығыстардың жылдық тарихи деңгейі 0.29% тең (2013 жылғы 31 желтоқсан: 0.71%);
- сатылған жағдайда кепілдегі меншіктің бастапқыда бағаланған құнының 20%- 70% төмендеуі;
- қамтамасыз етуді сатудан түсімдерді алу кезінде кідіріс 12-36 ай құрайды.

Осыған дейін келтірілген бағалардың өзгерістері несиелердің құнсыздануына арналған резервке ықпал етуі мүмкін. Мәселен, таза келтірілген мөлшердің ақшалай қаражаттың болжамды ағымдары құнының ағымдағы сәтіне қарай плюс/минус бір процентке өзгеруі кезінде, корпоративтік несиелердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 7,833,695 мың теңгеге (2013 жылғы 31 желтоқсан: 4,081,617 мың теңгеге) төмен/жоғары болушы еді.

Ипотекалық несиелердің құнсыздануына арналған резерв. Холдинг ипотекалық несиелердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшерін тәуекелдің көші-қоны негізінде портфельдік негізде несиелердің құнсыздану бағасын пайдалана отырып, бағалайды. Басшылық осындай әдісті ипотекалық несиелер үшін ең ұтымды деп санайды, себебі шығыстарды сәйкестендіру мерзімі қысқа болып табылады. Басшылық ипотекалық несиелердің құнсыздануынан шығыстарды анықтау кезінде пайдаланатын елеулі болжамдар мыналарды қамтиды:

- Холдинг 60 күннен артық мерзімі өтіп кеткен, кері сатып алу міндеттемесі бар ипотекалық несиелерді жалпы бағасы бойынша кез келген уақытта кері сатуы мүмкін. Басшылықтың пайымдауынша, сатып алушыдан кері сатып алу талабы бар құқықпен контрагенттер жақсы беделі мен орнықты қаржы жағдайы бар институттарды білдіреді.
- өзге ипотекалық несиелер Холдингтің өткен жылдардағы шығыстарының пайда болу тәжірибесіне негізделі отырып, құнсыздану мәніне қарай ұжымдық түрде бағалануы тиіс;
- шығыстардың көші-қоны деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 24 айда іс жүзінде орын алған шығыстардың көші-қоны үлгісі негізінде анықталуы мүмкін;
- қамтамасыз етуді сатудан түсім шамамен екі жылды құрауы мүмкін, осы уақыт ішінде Холдинг проценттік табысты алмайды және егер кепілге салынған мүлік соттың шешімі бойынша немесе басқа бір әдістермен сатылатын болса, кейбір жағдайларда кепілге салынған мүліктің құнына қатысты рұқсат етілген ауытқу бастапқыда бағаланған құнынан 65% - 80% құрауы мүмкін (2013 жыл: 65% - 80%).

Жоғарыда келтірілген бағалардың өзгерістері резервтердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшеріне ықпал етуі мүмкін. Мәселен, таза келтірілген мөлшер ақшалай қаражаттың болжамды ағымдары құнының ағымдағы сәтіне қарай плюс/минус үш процентке өзгерген жағдайда, ипотекалық несиелердің құнсыздануына арналған резервтің мөлшері 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 8,638,965 мың теңгеге (2013 жылғы 31 желтоқсан: 7,299,927 мың теңгеге) төмен/жоғары болушы еді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Қамтамасыз етуді талдау. Корпоративтік несиелер жеке негізде бағалануға және құнсыздану мәніне қарай тестілеуге жатады. Корпоративтік клиенттің жалпы несие қабілеттілігі әдетте оған берілген несие сапасының ең маңызды көрсеткіші болады. Дегенмен, қамтамасыз ету қосымша кепілдіктерді білдіреді және Холдинг, әдеттегідей, корпоративтік қарыз алушылардан оны ұсынуды сұрайды.

Өрі қарай кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтамасыз ету түрлері бойынша, корпоративтік несиелер бойынша (құнсыздануға арналған резервті шегере отырып) қамтамасыз ету және несиенің сапасын арттырудың басқа құралдары туралы ақпарат ұсынылған.

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоративтік несиелердің баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ бағасы – есептік күндегі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін	Қамтамасыз етудің әділ бағасы – несиені беру күніне жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін
Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған корпоративтік несиелер			
Ақшалай қаражат және салымдар	3,150,510	3,150,510	-
Үкімет кепілдіктері	7,344,299	7,344,299	-
Банк кепілдіктері және заңды тұлғалардан (В- бастап ВВВ+ дейінгі несиелік рейтингі бар) алынған кепілдемелер	314,546,585	314,546,585	-
Көлік құралдары	55,552	17,155	38,397
Жылжымайтын мүлік	76,019,110	28,128,997	47,890,113
Жабдық	85,393,868	3,433,776	81,960,092
Акциялар, үлестер	8,075,038	-	8,075,038
Айналымдағы тауарлар	149,726	149,726	-
Болашақ активтері	79,708,732	21,731,765	57,976,967
Бағалы қағаздар	127,983,140	127,983,140	-
Қамтамасыз етілуі және несиенің сапасын арттырудың басқа құралдары жоқ	5,558,409	-	-
Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған корпоративтік несиелер барлығы	707,984,969	506,485,953	195,940,607
Құнсыздалған корпоративтік несиелер			
Банк кепілдіктері және заңды тұлғалардан (В- бастап ВВВ+ дейінгі несиелік рейтингі бар) алынған кепілдемелер	623,997	623,997	-
Банк кепілдіктері және заңды тұлғалардан (берілген несиелік рейтингі жоқ) алынған кепілдемелер	941,542	941,542	-
Көлік	476,556	203,955	272,601
Жылжымайтын мүлік	71,980,015	51,885,728	20,094,287
Жабдық	1,304,528	-	1,304,528
Құнсыздалған корпоративтік несиелер барлығы	75,326,638	53,655,222	21,671,416
Корпоративтік несиелер барлығы	783,311,607	560,141,175	217,612,023

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

9 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Әрі қарай кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтамасыз ету түрлері бойынша, корпоративтік несиелер бойынша (құнсыздануға арналған резервті шегере отырып) қамтамасыз ету және несиенің сапасын арттырудың басқа құралдары туралы ақпарат ұсынылған.

Тәуекел-менеджмент департаменті. Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейі Тәуекел-менеджменті департаментімен ұсынылған. Тәуекел-менеджменті департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестікті бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтау, бағалау, басқару және ұсынудың ортақ қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды қамтиды.

Ішкі аудит қызметі. Холдингінің Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдеріне және тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудитті жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді Холдингінің Директорлар кеңесіне ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге функцияларды орындайды.

Құрылымдық бірліктер. Тәуекелдерді басқару құрылымында ең маңызды бөліктердің бірі әрбір қызметкер ұсынатын Холдингінің құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдер иелері) тәуекелдерді басқару процесінде басты рөл атқарады. Холдинг қызметшілері күн сайын тәуекелдермен жұмыс жасайды, тәуекелдерді басқарады және тәуекелдердің өз қызмет саласына әлеуетті ықпалын бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асыру, өз қызмет саласындағы ірі тәуекелдерді уақытында анықтау мен хабардар ету және жұмыс жоспарына енгізілуі тиіс тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін жауап береді.

Несиелік тәуекел. Холдинг қаржы құралдарымен операцияларға қатысушы тараптың біреуі шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны салдарынан басқа тараптың қаржы шығыстарын тану себебі болуы мүмкін тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Несиелік тәуекел Холдингінің және еншілес кәсіпорындарының контрагенттермен несиелік және өзге операциялар нәтижесінде туындайды, солардың салдарынан қаржылық активтер пайда болады.

Холдингінің несиелік тәуекелінің ең үлкен деңгейі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Несиені ұсыну бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несиелік тәуекелдің ең үлкен деңгейі міндеттеме сомасына тең. Несиелік тәуекелді төмендету кепілдікті қамтамасыз ету және несиенің сапасын жақсартудың өзге шаралары есебінен іске асырылады.

Холдингінің еншілес кәсіпорындары еншілес кәсіпорынның және Холдингінің қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне, сондай-ақ Холдингінің еншілес кәсіпорындарында несиелік тәуекелді реттейтін өзге ішкі нормативтік құжаттарға сүйене отырып, бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылардың тобына лимитті қоса алғанда, контрагенттермен операцияларға лимитті белгілеп, несиелік тәуекелді бақылайды. Еншілес кәсіпорындардың басшылығы өнімдер және экономиканың салалары бойынша несиелік тәуекелдің лимиттерін үнемі бекітеді. Осындай тәуекелдердің мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады, бұл ретте лимиттер жылына кемінде 1 рет қайта қаралады.

Клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі менеджерлерден түскен несиелік өтінімдер несиелік лимитті бекіту үшін еншілес кәсіпорынның тиісті Несиелік комитетіне беріледі. Сондай-ақ несиелік тәуекелді басқару кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың кепілі мен кепілдігін алу арқылы іске асырылады. Несиелік тәуекелдің мониторингі мақсатында қызметшілер клиенттің қаржы көрсеткіштері мен бизнесін құрылымдық талдау негізінде тұрақты есептерді жасайды. Несие қабілеттілігі нашарлап бара жатқан клиенттерге қатысты елеулі тәуекелдер туралы бүкіл ақпарат оның хабарына дейін жеткізіледі және онымен талқыланады.

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Холдингінің еншілес кәсіпорындары несиелерді өтеу мерзімдері бойынша талдауды және мерзімі өтіп кеткен қалдықтардың кейінгі бақылауын жүзеге асырады. Әрі қарай еншілес кәсіпорынның басшылығы берешек мерзімдері туралы деректерді және несиелік тәуекел туралы өзге ақпаратты тиісті еншілес кәсіпорынның директорлар кеңесіне және Холдинг басшылығына ұсынады.

Баланстан тыс қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекел осы қаржы құралымен операцияға басқа қатысушының шарт ережелерін орындай алмау қабілетіне байланысты шығыстар ықтималдығы сияқты анықталған. Холдингінің еншілес кәсіпорындары мәмілелерді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттерді пайдалану рәсімдеріне және мониторинг рәсімдеріне негізделген баланстық қаржы құралдарына қатысты сияқты шартты міндеттемелерге қатысты дәл сол несиелік саясаттарды қолданады.

Нарықтық тәуекел. Холдинг нарықта жалпы және ерекше өзгерістердің тәуекеліне ұшырайтын (а) валюталық, (б) проценттік және (в) үлестік құралдар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Холдинг басшылығы қабылданатын тәуекелдің деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді және ай сайынғы негізде олардың сақталуын бақылайды. Холдингінің еншілес кәсіпорындары Холдингінің белгілеген жалпы лимиттері негізінде жекелеген лимиттерді белгілейді және күнделікті негізде олардың сақталуына мониторингі жүргізеді. Алайда осы әдістің қолданылуы нарықта анағұрлым елеулі өзгерістер орын алған жағдайда белгіленген лимиттерден асып кететін шығыстардың құрылуына қарсы шыға алмайды.

Валюталық тәуекел. Холдинг басшылығы валюталар бөлінісінде және жалпы, әрбір күннің соңына қарай және бір күн шегінде қабылданатын тәуекелдің деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді. Холдинг белгілеген лимиттер негізінде еншілес кәсіпорындар өздеріне қатысты лимиттерді белгілейді және күнделікті негізде олардың сақталуын бақылайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан
37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің валюталық тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Еуро	Өзге	Барлығы
АКТИВТЕР					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	201,973,947	59,234,485	2,168,660	400,055	263,777,147
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары	11,939,000	-	-	-	11,939,000
Банктердегі қаражат	357,809,502	82,846,400	1,996,088	-	442,651,990
Клиенттерге берілген несиелер	436,881,733	621,692,943	10,078,425	2,681,927	1,071,335,028
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	262,543,255	98,895,530	-	2,220,821	363,659,606
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	701,124	-	-	-	701,124
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	26,122,360	-	-	-	26,122,360
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	12,165,225	2,430,468	-	-	14,595,693
Өзге қаржы активтері	10,879,044	5,226,857	330,685	-	16,436,586
Монетарлық қаржы активтері барлығы	1,321,015,190	870,326,683	14,573,858	5,302,803	2,211,218,534
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Клиенттердің қаражаты	251,739,615	8,346,209	1,029	3,015	260,089,868
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	163,046,369	331,297,431	-	11,324,305	505,668,105
Реттелген борыш	14,163,005	-	-	-	14,163,005
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	129,801,968	476,487,710	9,582,959	3,247,129	619,119,766
ҚР Үкіметінен алынған займдар	61,638,222	207,116	-	-	61,845,338
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	706,654	-	-	-	706,654
Өзге қаржы міндеттемелері	17,165,516	2,722,488	49,927	19	19,937,950
Монетарлық қаржы міндеттемелері барлығы	638,261,349	819,060,954	9,633,915	14,574,468	1,481,530,686
Туынды қаржы құралдарына дейінгі таза позиция	682,753,841	51,265,729	4,939,943	(9,271,665)	729,687,848
Туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	1,381,040	23,578,206	-	12,520,800	37,480,046
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	(22,594,950)	(13,875,640)	-	(1,654,996)	(38,125,586)
Таза позиция барлығы	661,539,931	60,968,295	4,939,943	1,594,139	729,042,308

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан
37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингінің валюталық тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Қазақстан- дық теңге	АҚШ доллары	Еуро	Өзге	Барлығы
АКТИВТЕР					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	147,053,073	89,488,118	577,268	28,954	237,147,413
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары	12,554,570	-	-	-	12,554,570
Банктердегі қаражат	238,998,722	61,238,096	-	-	300,236,818
Клиенттерге берілген несиелер	301,028,081	345,958,143	1,325,645	3,180,698	651,492,567
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	294,261,124	236,764,649	-	2,770,778	533,796,551
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	477,708	-	-	-	477,708
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	16,161,514	-	-	-	16,161,514
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	12,537,877	1,983,148	-	-	14,521,025
Өзге қаржы активтері	6,667,194	1,950,297	72,711	251,880	8,942,082
Монетарлық қаржы активтері барлығы	1,029,739,863	737,382,451	1,975,624	6,232,310	1,775,330,248
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Клиенттердің қаражаты	195,659,061	7,893,325	16,299	2	203,568,687
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	30,900,873	302,260,911	-	11,440,604	344,602,388
Реттелген борыш	17,747,212	-	-	-	17,747,212
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	149,102,514	353,554,087	1,545,305	3,733,999	507,935,905
ҚР Үкіметінен алынған займдар	60,894,294	-	-	-	60,894,294
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	402,504	-	-	-	402,504
Өзге қаржы міндеттемелері	17,965,451	2,208,013	-	133	20,173,597
Монетарлық қаржы міндеттемелері барлығы	472,671,909	665,916,336	1,561,604	15,174,738	1,155,324,587
Туынды қаржы құралдарына дейінгі таза позиция	557,067,954	71,466,115	414,020	(8,942,428)	620,005,661
Туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	37,681,653	-	-	11,294,400	48,976,053
Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	-	(55,221,721)	-	(1,503,901)	(56,725,622)
Таза позиция барлығы	594,749,607	16,244,394	414,020	848,071	612,256,092

Жоғарыда ұсынылған туынды қаржы құралдары ақшалай қаржы активтері немесе ақшалай қаржы міндеттемелері болып табылады және есептік кезеңнің соңына қарай тиісті валютаның әділ бағасын бейнелейді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде кестеде Холдингің функционалдық валютасы үшін есептік кезеңнің соңында қолданылатын айырбастау бағамдарының ықтимал өзгерістері нәтижесінде кіріске ықпал ұсынылған, бұл ретте, барлық қалған ауыспалы сипаттамалар өзгермеген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2014 жылғы 31 желтоқсан	2013 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ долларының 20% нығаюы (2013: 20% нығаю)	9,754,927	2,599,103
АҚШ долларының 20% әлсіреуі (2013: 20% әлсіреу)	(9,754,927)	(2,599,103)
Еуроның 20% нығаюы (2013: 20% нығаю)	790,391	66,243
Еуроның 20% әлсіреуі (2013: 20% әлсіреу)	(790,391)	(66,243)
Өзге валюталардың 20% нығаюы (2013: 20% нығаю)	255,062	135,691
Өзге валюталардың 20% әлсіреуі (2013: 20% әлсіреу)	255,062	(135,691)

Жоғарыда келтірілген талдау тек ақшалай активтер мен міндеттемелерді ғана қамтиды. Холдинг үлестік құралдарға және ақшалай емес активтерге инвестициялар елеулі валюталық тәуекелдің пайда болуына әкеп соқпайды деп санайды. Тәуекел тек Холдингің функционалдық валютасынан айрықша валюталардағы ақшалай қалдықтар үшін ғана есептелген.

Проценттік ставканың тәуекелі. Холдинг өзіне нарықтық проценттік ставкалар ауытқуларының өзінің қаржылық жағдайына және ақшалай қаражаттың ағымдарына ықпалымен байланысты тәуекелді қабылдайды. Осындай ауытқулар проценттік маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда проценттік ставкалар кенеттен өзгерген жағдайда проценттік маржа төмендеуі не шығыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Еншілес кәсіпорындардың проценттік тәуекелін басқару жұмсалған қаражатты толық жабу қағидаларына негізделеді – түскен проценттік табыс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығындарды өтеп, таза кіріс пен бәсекеге қабілеттіліктің алынуын қамтамасыз етуге тиіс. Проценттік тәуекел бойынша есеп сыйақының проценттік ставкаларының өзгеруіне сезімтал, өтелу күніне (тіркелген ставкалар жағдайында) немесе кезекті қайта бағалауға дейін қалған уақытқа (құбылмалы ставкалар жағдайында) байланысты уақыт аралықтары бойынша экономикалық біртекті және маңызды баптарға топтастырылған активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелердің таратылуын білдіреді. Холдинг Басқармасы ескерілетін активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс талаптар мен міндеттемелердің баптарын және уақыт аралықтарын өзгерте алады.

Төменде кестеде Холдингің проценттік тәуекелінің жалпы талдауы келтірілген. Сондай-ақ онда көрсетілген күннің қайсысы ертерек түсетініне байланысты шарттарға не өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құны бойынша Холдингің қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген.

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан артық	Ақшалай емес	Процентсіз	Барлығы
2014 жылдың 31 желтоқсаны							
Қаржы активтері барлығы	368,924,604	115,001,919	148,894,236	1,334,713,281	26,538,743	245,431,523	2,239,504,306
Қаржы міндеттемелері барлығы	(230,430,385)	(76,852,987)	(86,711,031)	(1,064,065,747)	-	(25,863,105)	(1,483,923,255)
2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай проценттік ставкалар бойынша таза ауытқу	138,494,219	38,148,932	62,183,205	270,647,534	26,538,743	219,568,418	755,581,051
2013 жылдың 31 желтоқсаны							
Қаржы активтері барлығы	145,182,426	293,564,298	106,003,689	1,080,265,666	14,609,696	150,566,049	1,790,191,824
Қаржы міндеттемелері барлығы	(70,409,646)	(169,062,825)	(29,506,862)	(870,779,965)	-	(24,240,696)	(1,163,999,994)
2013 жылғы 31 желтоқсанға қарай проценттік ставкалар бойынша таза ауытқу (алшақтық)	74,772,780	124,501,473	76,496,827	209,485,701	14,609,696	126,325,353	626,191,830

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Холдингінің барлық борыштық құралдары бойынша проценттік ставкаларды қайта қарау тіркелген проценттік ставкасы бар қаржы құралдарын қоспағанда, орташа есеппен 1 жылға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін міндеттемелер және проценттік активтер бойынша қайта қаралған позицияларды және проценттік ставкаларды көбейту не азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық ауытқымасының параллельді жылжуының жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған, кіріс не шығыстың және капиталдың (салықтарды шегере отырып) проценттік ставкалардың өзгеруіне (сыйақы ставкаларын қайта қарау тәуекелі) сезімталдығын талдау мынадай әдіспен ұсынылуы мүмкін:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2014	2013
100 базистік тармаққа параллельді көбейту (2013: 100 базистік тармақ)	1,402,333	1,157,032
100 базистік тармаққа параллельді азайту (2013: 100 базистік тармақ)	(1,402,333)	(1,157,032)

Холдинг қаржы құралдары бойынша проценттік ставкалардың мониторингін жүзеге асырады. Төменде кестеде Холдингінің басты жетекшілері талқылаған есептер негізінде тиісті есептік күнге қарай проценттік ставкалар ұсынылған. Бағалы қағаздарға қатысты, проценттік ставкалар есептік күні нарықта белгіленген бағаларға негізделген өтелуге табыстылықты білдіреді:

	2014			2013		
	Қазақ- стандық теңге	АҚШ доллары	Өзге	Қазақ- стандық теңге	АҚШ доллары	Өзге
Активтер						
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	4.10%	-	1.97%	3.48%	-	0.03%
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	3.79%	-	-	4.64%	-	-
Банктердегі қаражат	7.70%	6.28%	-	5.34%	3.75%	-
Клиенттерге берілген несие	7.22%	6.64%	6.56%	9.80%	10.26%	7.22%
Сатуға арналған қолда бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар	6.56%	5.53%	-	5.99%	4.26%	4.47%
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	19.50%	-	-	0.06%	-	-
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	7.43%	-	-	8.84%	-	-
Өтелгенше ұсталатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар	7.06%	6.07%	-	7.89%	6.07%	4.60%
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	2.01%	-	-	2.00%	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.80%	5.15%	5.78%	8.15%	5.47%	5.50%
Реттелген борыш	9.07%	-	-	8.83%	-	-
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	5.03%	4.43%	4.36%	4.79%	4.83%	3.57%
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған займдар	1.24%	-	-	1.00%	-	-

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Холдинг қарыз алушыға несиені мерзімінен бұрын өтеу құқығын беретін ипотекалық несиелерді қоса алғанда, тіркелген не құбылмалы проценттік ставкасы бар несиелерді ұсыну есебінен мерзімінен бұрын өтеу тәуекеліне ұшырайды. Ағымдағы есептік кезеңнің соңында Холдингтің қаржы нәтижесі мен капиталы мерзімінен бұрын өтеу кезіндегі ставкалардағы өзгерістерге айтарлықтай тәуелді болмайтын еді, себебі осындай несиелер амортизациялық баға бойынша көрсетіледі, ал мерзімінен бұрын өтеу сомасы клиенттерге несиелер мен аванстардың амортизациялық бағасына сәйкес келеді не дерлік сай келеді (2013 жылы: елеулі ықпал болмады).

Өтімділік тәуекелі – бұл Холдинг және оның жекелеген еншілес кәсіпорындары өздерінің міндеттемелерін орындау мақсатында ақшалай қаражатты тартуда қиындықтарға тап болу мүмкіндігінің тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкессіздіктер болған жағдайда туындайды, бұл Холдингтің және оның еншілес кәсіпорындарының өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақытында жауап беру үшін қолайлы бағамен жеткілікті өтімді қаражаттармен жеке қамтамасыз етілуіне ықпал етеді. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдері мен проценттік ставкалардың үйлесуі және/немесе бақыланатын үйлеспеуі Холдингті қоса алғанда, қаржы институттарын басқаруда негіз қалаушы сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың сан алуандығы және олармен байланысты тұрлаусыздық салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін қарапайым тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардың табыстылығын көбейтуге мүмкіндік береді, алайда шығыстардың пайда болу тәуекелін арттырады.

Холдинг еншілес кәсіпорындарымен бірге өтеу мерзімдері түскен сайын барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті, ақшалай қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділікті басқаруды жүзеге асырады.

Холдинг өтімділік тәуекелін Директорлар кеңесі мен Басқарма бекіткен Холдингтің тәуекелдерді басқару саясаты, Холдингтің уақытша-бос ақшалай қаражатымен тәуекелдерді басқару қағидалары, Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламенті аясында басқарады. Құжаттар өтімділік шығындарының тәуекелін басқарудың негізгі процестері мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ барлық міндеттемелерді жабуға Холдинг қаражатының жеткіліктігін қамтамасыз ету және өтімділік шығындарының тәуекелін тиімді басқару мақсатында осы процеске Холдингтің тартылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен өкілеттіктерін белгілейді.

Көрсетілген құжаттар аясында өтімділікті жоғалту тәуекелі мынадай құралдардың/аналитикалық есептердің көмегімен өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің тұрақты және шарттық нормативтері; өтімді құралдардың ағымдағы қалдықтарын, өтімді құралдарының жоспарланатын ағымдарын/шығуларын талдау; өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділік ауытқулары (гэп-анализ). Өтімді қаражаттың артық не аз болуын болдырмау үшін Холдингтің еншілес кәсіпорындарының активтері мен пассивтерін басқару комитеттері өтімді қаражатты тарту және пайдалану бойынша қызметті бақылайды.

Холдингтің еншілес кәсіпорындарының активтері мен пассивтерін басқару комитеттері еншілес кәсіпорындардың және Холдингтің өтімділік шығындарының тәуекелін азайту бойынша шараларды қабылдау үшін өтімділік тәуекелінің деңгейлеріне талдауды жүргізу арқылы өтімділік тәуекелін бақылайды. Ағымдағы өтімділікті басқаруды еншілес кәсіпорындардың қазынашылықтарының ағымдағы өтімділікті сақтау және ақшалай ағымдарды оңтайландыру үшін қаржы нарықтарында операцияларды жүргізетін департаменттері жүзеге асырады.

Холдингтің өтімділікті басқару жөніндегі рәсімдері мыналардан тұрады:

- негізгі валюталар бөлінісінде ақшалай ағымдарды болжау және осы ақшалай ағымдарға байланысты өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- қаржыландыру көздерінің ертаратандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануын және құрылымын басқару;
- қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеу;
- кассалық өтімділіктің ауытқуы жағдайында қорғау шарасы ретінде еркін жүзеге асыруға болатын жоғары өтімді активтердің портфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікті және қаржыландырудың тапсырылған деңгейін сақтау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- Холдинг өтімділігінің баланстық көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру.

Еншілес кәсіпорындардың қазынашылықтары қаржы нарықтарында өтімділік бойынша позициялар мониторингін жүзеге асырады. Қалыпты нарықтық жағдайда Холдингтің жекелеген еншілес кәсіпорындарының өтімділік жағдайы туралы есептер Холдингтің жоғарғы басшылығына тұрақты негізде ұсынылады. Холдингтің өтімділігін басқару саясатына шешімдерді Холдинг Басқармасы және Активтер мен пассивтерді басқару комитеті қабылдайды.

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде келтірілген кесте өтелуге дейін қалған шарт мерзімдері бойынша 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелердің таратылуын көрсетеді. Кестедегі міндеттемелердің сомалары қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ортақ сомасын (болашақ қаржы төлемдерін шегере отырып), алынған займдар бойынша міндеттемелердің ортақ сомасын, сондай-ақ қаржы кепілдіктерін қоса алғанда, келісімшарттық дисконтталмаған ақшалай ағымдарды білдіреді. Осы дисконтталмаған ақшалай ағымдар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомалардан ерекшеленеді, себебі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі сомалар дисконтталған ақшалай ағымдарға негізделген. Қаржылық туынды құралдар, Холдинг өтелу мерзімге дейін туынды құралдар бойынша позицияның жабуын болжайтын жағдайларды қоспағанда, төленуге немесе алынуға келісімшарттық баға бойынша кестеге енгізілген. Осы жағдайда туынды құралдар күтілетін ақшалай ағымдар негізінде енгізілген. Өтелу мерзімдері бойынша талдау мақсаттары үшін енгізілген туынды қаржы құралдары гибридік (құрамдастырылған) қаржы құралдарынан бөлінбейді.

Төленуге сома тіркелмеген болған жағдайда, кестедегі сома есептік кезеңнің соңында қолданылатын шарттарға негізделіп отырып, анықталады. Валюталық төлемдер есептік кезеңнің соңында спот айырбастау бағамын пайдалана отырып, қайта есептеледі.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелерінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап өткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Барлығы
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	77,448,948	22,303,961	22,604,829	122,961,242	23,423,186	268,742,166
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	803,348	20,468,207	61,032,132	114,601,441	646,952,021	843,857,149
Реттелген борыш	-	405,743	405,743	11,245,944	115,318,771	127,376,201
Банктерден, өзге қаржы институттарынан және Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған займдар	20,767,253	14,204,850	41,373,619	521,065,836	218,509,312	815,920,870
Өзге қаржы міндеттемелері	9,181,908	391,632	4,794,851	5,489,174	1,438,024	21,295,589
Өзге туынды қаржы құралдары						
- туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	-	-	-	(15,530,709)	-	(15,530,709)
- туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	-	-	-	13,901,840	-	13,901,840
Қаржы міндеттемелері бойынша әлеуетті болашақ төлемдер барлығы	108,201,457	57,774,393	130,211,174	773,734,768	1,005,641,314	2,075,563,106
Несиелерді ұсыну жөнінде кері қайтарылмайтын міндеттемелер	7,179,765	12,976,940	6,651,506	7,655,521	373,053,529	407,517,261
Кепілдіктер, аккредитивтер бойынша міндеттемелер және есеп айырысу операцияларымен байланысты өзге міндеттемелер	54,630,034	-	-	-	-	54,630,034
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	66,912,388	-	-	-	-	66,912,388
Шетелдік валютаны сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер	2,783,032	-	-	-	-	2,783,032

Төменде кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелерінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап өткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Барлығы
Міндеттемелер						
Клиенттердің қаражаты	51,907,585	14,197,369	19,821,093	95,167,376	24,358,332	205,451,755
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,256,602	12,570,913	14,859,334	189,791,292	301,590,007	520,068,148
Реттелген борыш	69,191	474,276	474,934	16,207,299	115,330,257	132,555,957
Банктерден, өзге қаржы институттарынан және Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған займдар	12,318,567	17,983,986	28,394,928	265,047,977	392,786,188	716,531,646
Өзге қаржы міндеттемелері	11,502,500	4,333,397	3,483,203	2,378,395	1,373,076	23,070,571
Өзге туынды қаржы құралдары						
- туынды қаржы құралдары бойынша талаптар	-	(36,202,712)	-	(12,773,341)	-	(48,976,053)
- туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер	-	43,498,687	-	13,226,935	-	56,725,622
Қаржы міндеттемелері бойынша әлеуетті болашақ төлемдер барлығы	77,054,445	56,855,916	67,033,492	569,045,933	835,437,860	1,605,427,646
Несиелерді ұсыну жөнінде кері қайтарылмайтын міндеттемелер	323,577,707	35,291,148	365,000	672,604	-	359,906,459
Кепілдіктер, аккредитивтер бойынша міндеттемелер және есеп айырысу операцияларымен байланысты өзге міндеттемелер	85,822,305	-	-	-	-	85,822,305
Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер	46,076,733	-	-	-	-	46,076,733

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

37 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Жоғарыда келтірілген кестеге енгізілген несиелерді ұсыну бойынша келісімшарттық міндеттемелердің жалпы сомасы болашақта төленуі талап етілетін ақшалай қаражаттың сомасын міндетті түрде білдірмейді, себебі осы міндеттемелердің көбісі олардың қолданыс мерзімдері аяқталғанда талап етілмеген немесе тоқтатылған болып қалуы мүмкін.

Клиенттердің қаражаты өтелуге дейін қалған мерзімдер бойынша көрсетілген талдауда берілген. Алайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылардың кез келген уақытта банктерден өздерінің шұғыл депозиттерін алу құқығы бар, бұл ретте көптеген жағдайларда олар есептелген проценттік табысты алу құқығынан айырылады. Осы депозиттер шарттарда көрсетілген оларды өтеу мерзімдеріне сүйене отырып, ұсынылған.

Холдинг басшылығының пайымдауынша, активтер мен міндеттемелер бойынша орналастыру және өтеу мерзімдерінің және проценттік ставкалардың үйлесуі және/немесе бақыланатын үйлеспейуі Холдингті табысты басқару үшін негіз қалаушы фактор болып табылады.

Келесі кестеде 2014 және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген сомалардың талдауы (күтілетін өтеу мерзімдері бөлінісінде) ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап өткенге дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Мерзімі жоқ	Барлығы
2014 жылдың 31 желтоқсаны							
Активтер барлығы	463,589,131	90,346,720	156,194,134	649,059,631	926,193,340	39,532,158	2,324,915,114
Міндеттемелер барлығы	(93,023,712)	(36,664,794)	(102,405,769)	(500,921,248)	(792,153,443)	-	(1,525,168,966)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы таза позиция	370,565,419	53,681,926	53,788,365	148,138,383	134,039,897	39,532,158	799,746,148
2013 жылдың 31 желтоқсаны							
Активтер барлығы	331,160,296	76,452,524	114,153,257	571,878,444	756,668,925	14,763,302	1,865,076,748
Міндеттемелер барлығы	(71,272,846)	(35,413,786)	(43,377,346)	(355,297,118)	(684,658,518)	-	(1,190,019,614)
2013 жылғы 31 желтоқсандағы таза позиция	259,887,450	41,038,738	70,775,911	216,581,326	72,010,407	14,763,302	675,057,134

Капиталды басқару. Холдингтің капиталын басқару еншілес кәсіпорындардың есептілігіне мониторингті және оларға қатысты бақыланатын компаниялардың Директорлар кеңесі, Қаржылық қадағалау комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, инвесторлар тарапынан капитал жеткіліктігінің нормативтері бойынша белгіленген талаптарды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік мониторингі негізінде капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды сақтау арқылы үздіксіз қызмет ететін ұйым ретінде Холдингтің қызмет ету қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Еншілес кәсіпорындар үшін қызмет ететін капиталдың жеткіліктік нормативінің орындалуы бақылау тиісті есептерді қамтитын ай сайынғы есептер көмегімен іске асырылады, оларды Басқарма Төрағасы тексереді және бұрыштама қояды және Холдингтің Директорлар кеңесі қарайды.

Холдинг капитал ретінде Холдинг иелеріне тиесілі 798,898,934 мың теңгеге (31 желтоқсан 2013 жыл: 671,664,204 мың теңгеге) тең таза активтерді қарастырады. Холдингтің капиталға қатысты реттеуші талаптары жоқ.

2014 жылдың ішінде Холдингтің еншілес кәсіпорындары ең төменгі орнатылған нормалардан асып, капитал жеткіліктігі бойынша барлық көрсеткіштерді сақтады.

38 Шартты міндеттемелер

Сот талқылаулары. Кейде ағымдағы қызмет барысында сот органдарына Холдингке және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талаптар түседі. Жеке өзінің бағасына, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңесшілердің ұсыныстарына сүйене отырып, Холдинг басшылығы осы талаптар бойынша талқылаулар Холдинг үшін елеулі шығыстарға әкеп соқтырмайды деп санайды және тиісінше, шоғырландырылған қаржылық есептілікте осы талқылаулар бойынша шығыстарды өтеуге резервті қалыптастырмаған.

Шартты салық міндеттемелері. Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасы әртүрлі талқылау мүмкіндігіне жол береді және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Басшылықтың Қор операциялары мен қызметіне қатысты заңнаманы түсінуін тиісті органдар даулай алады. Қазақстандық салық органдары заңнаманы түсіндіру және аударымдарды бағалау кезінде анағұрлым қатаң көзқарасты ұстануы мүмкін және бұрынғы кезде дау мәні болмаған операциялар мен қызмет даулануы мүмкін. Нәтижесінде қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімақылардың елеулі сомалары қосып есептелуі мүмкін. салық кезеңдері тиісті салық органдарының тексеру жүргізілген жылдың алдында келген күнтізбелік 5 жылдың ішінде салықтарды төлеу мәніне қарай тексеруін жүргізу үшін ашық болып қала береді. Жекелеген жағдайларда тексерулер анағұрлым ұзақ мерзімдерді қамтуы мүмкін.

Компаниялар арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын салық міндеттемелері осындай операцияларда қолданылған нақты бағалар негізінде анықталады. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелерінің түсініктері әрі қарай дамып, Қазақстан Республикасының салық органдары қолданатын әдіске өзгерістер енгізілген сайын осы трансферттік бағалар болашақта даулануы мүмкін деген болжам бар. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелері тым қысқа уақыт қана қолданылатынын ескере отырып, осындай даулы жағдайлардың салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен дауланбайды. Сонымен бірге, олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

Қазақстандық салық заңнамасы кейбір салықтық мәселелер бойынша нақты нұсқаулықтарды қамтымайды. Кейде Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары осындай тиянақсыз салық мәселелерінің Холдинг бойынша жалпы салық ставкасының төмендеуіне әкелетін түсіндіруін қолданады. Жоғарыда белгіленгендей, әкімшілік және сот тәжірибесіндегі оқиғалардың жуырдағы дамуына байланысты, салық әдістерінің осындай түсіндірілуі мұқият тексерілуге ұшырауы мүмкін. Салық органдары тарапынан осындай тексерулердің салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалануы мүмкін емес, алайда олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер. Холдингтің операциялық жалдауда бірқатар ғимараттары мен автокөліктері бар. Жалдау, көбінесе, бастапқы кезеңі 1 жылға ресімделеді, бұл ретте көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жалдауды ұзарту мүмкіндігі бар. Жалгерлік төлемдер әдетте нарықтық жалгерлік шарттарды көрсету үшін жыл сайын көбейтіледі. Жалдау шартты жалдауды қамтымайды.

Инвестициялық сипаттағы шартты міндеттемелер. Холдинг өз портфеліне тікелей инвестициялардың қорлары бойынша міндеттемелерді сатып алады. Холдинг инвестицияларды өнеркәсіп секторларына сәйкес келетін менеджерлер, елдер және инвестициялау кезеңдері бойынша таратып, өзінің инвестициялар портфелін әртараптандырады. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық сипаттағы келісімдік шартты міндеттемелер жалпы сомасы 66,912,388 мың теңге (31 желтоқсан 2013 жыл: 46,076,733 мың теңге) құрайды. Тікелей инвестициялар қорларының құрылтай құжаттарына сәйкес менеджер төлемдік талапты шығарғаннан кейін инвестициялық сипаттағы міндеттеменің сомасы төленбеген жағдайда, Холдингке қатысты санкциялар қолданылуы мүмкін, оның ішінде сыйақының төленуін кейінге қалдыру, кірістің таратылуын тоқтату, қорларды корпоративтік басқаруға қатысу құқығынан уақытша бас тарту және Холдингтің үлесін бірлескен инвесторларға және үшінші тұлғаларға мәжбүрлеп сату. 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің инвестициялық сипаттағы мерзімі өтіп кеткен міндеттемелері болмады.

Ерекше шарттарды сақтау. Холдингтің еншілес кәсіпорындары белгілі бір ерекше шарттарды, көбінесе, қарызға алынған қаражатпен байланысты шарттарды сақтауға тиіс. Осы ерекше шарттарды сақтамау Холдинг үшін теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг барлық ерекше шарттарды сақтады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

38 Шартты міндеттемелер (жалғасы)

Келісімдік міндеттемелер. 2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «БД» АҚ-ының «Тау Самал» тұрғын үй кешенінің бірінші және екінші кезектегі құрылысына үлестік қатысушыларға мүлікті беру бойынша міндеттемесі бар. 2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай құрылыс аяқталғаннан кейін беруге жататын мүлік мыналарды қамтиды: 54 пәтер, 68 автокөлік қою орнын және 4 кеңселік бөлме-жайды (2013 жылғы 31 желтоқсанға қарай: 128 пәтер, 142 автокөлік қою орнын және 5 кеңселік бөлме-жайды).

Сақтандыру. Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы әлі даму үстінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғауының көптеген нысандары Қазақстанда әлі қолданылмайды. Холдинг ғимараттар мен жабдықты, қызметтің уақытша тоқтатылуын немесе Холдинг мүлкін пайдалану нәтижесінде келтірілген, мүліктік не экологиялық залал бөлігінде үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты немесе Холдинг қызметіне жататын өзге жағдайларда сақтандыруды толық көлемде жүзеге асырмады. Холдингтің барабар сақтандырушылық өтелуі болмағанша, белгілі бір активтерді жоғалту не оларға зақым келтіру Холдингтің қызметі мен қаржы жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін деген тәуекел бар.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер. Осы құралдардың негізгі мақсаты қажет болған сайын клиенттерге қаражаттың ұсынылуын қамтамасыз ету болып табылады. Клиент үшінші тұлғалардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлемдерді жүзеге асыру бойынша Холдингтің кері қайтарылмайтын міндеттемелерін білдіретін кепілдіктер мен кепілді аккредитивтердің несиелер сияқты несиелік тәуекелдің дәл сол деңгейі бар. Холдингтің клиент атынан белгілі бір шарттар орындалған кезде белгіленген сома шегінде төлемдерді жүзеге асыру бойынша жазбаша міндеттемелері болып табылатын құжаттамалық және тауарлық аккредитивтер тауарлардың тиісті жеткізулерімен не ақшалай депозиттерімен қамтамасыз етілген және тиісінше, тікелей несие берумен салыстырғанда, тәуекелдің деңгейі төменірек.

Несиелерді ұсыну бойынша міндеттемелер ссуда, кепілдіктер не аккредитив нысанында несиелерді ұсыну үшін басшылық бекіткен сомалардың қолданылмаған бөлігін қамтиды. Несиелерді ұсыну бойынша міндеттемелерге қатысты Холдинг, егер қолданылмаған сомалар қолданылуға тиіс болса, қолданылмаған міндеттемелердің ортақ сомасына тең сомада залалды көтеру тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Дегенмен шығыстардың ықтимал сомасы қолданылмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан кем, себебі несиелерді ұсыну бойынша міндеттемелердің көбісі клиенттердің несие қабілеттілігі бойынша белгілі бір талаптарды сақтауына тәуелді.

Холдинг несиелік сипаттағы міндеттемені өтеуге дейін қалған мерзімді бақылайды, себебі әдетте анағұрлым ұзақ мерзімді міндеттемелердің қысқа мерзімді міндеттемелермен салыстырғанда, несиелік тәуекелдің анағұрлым жоғары деңгейі бар. Несиелік сипаттағы міндеттемелер:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2013
Несиелерді ұсыну жөнінде кері қайтарылмайтын міндеттемелер немесе тек елеулі келеңсіз өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарылуы мүмкін міндеттемелер.	20,460,366	25,714,377
Қолданылмаған кері қайтарылмайтын несиелік желілер немесе тек елеулі келеңсіз өзгерістерге жауап ретінде ғана қайтарылуы мүмкін несиелік желілер.	387,056,895	334,192,082
Импорттық аккредитивтер	-	70,841,441
Берілген қаржы кепілдіктері	55,078,508	12,162,806
Займдарды қамтамасыз етуге қабылданған кепілдіктер	-	3,048,907
Шетелдік валютаны сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер	2,783,032	-
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті шегере отырып	(448,474)	(230,849)
Резервті шегере отырып несиелік сипаттағы міндеттемелер барлығы	464,930,327	445,728,764

Қолданылмаған несиелік желілер, аккредитивтер және кепілдіктер бойынша берешектің жалпы сомасы шарттарға сәйкес міндетті түрде емес болашақ ақшалай талаптарды білдіреді, себебі қарыз алушыға қаражатты ұсынбай-ақ, көрсетілген міндеттемелерді жоюға болады немесе қолданыс мерзімі аяқталуы мүмкін. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сипаттағы міндеттемелердің әділ құны 1,720,814 мың теңге (31 желтоқсан 2013 жыл: 5,242,022 мың теңге) құрады. Несиелік сипаттағы міндеттемелер теңгемен берілген.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

39 Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жатқызу

Холдингінің Халықаралық своптар және туынды қаржы құралдары бойынша дилер қауымдастығының (ISDA) өзара есепке жатқызу туралы бас келісімдері және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке жатқызу үшін өлшемдерге сай келмейтін өзара есепке жатқызу туралы ұқсас бас келісімдері бар. Себебі олар танылған сомаларды есепке жатқызу құқығын құрайды, ал ол Холдингінің не оның контрагенттерінің дефолты, төлемге қабілетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында ғана заң жүзінде қолданылады. Одан басқа, Холдинг және оның контрагенттері өзара есепке жатқызу немесе активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау арқылы берешекті реттеуге ниеттері жоқ.

Өрі қарай кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есепке жатқызу туралы заң жүзінде қолданылатын бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ұсынылған:

	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген, өзара есепке жатқызуды орындауға дейін жиынтық сомалар	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген, өзара есепке жатқызудың жиынтық сомалары	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепке жатқызуды орындағаннан кейінгі нетто-сома	Өзара есепке жатқызу туралы бас келісімнің немесе қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген ұқсас келісімдердің әрекетіне жататын сомалар		Таза тәуекел сомасы
				Қаржы құралдары	Алынған ақшалай ету	
(мыңдаған қазақстандық теңге)	(а)	(б)	(в) = (а) - (б)	(г)	(е)	(в) - (г) - (е)
АКТИВТЕР						
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	19,626,507	-	19,626,507	(19,626,507)	-	-
Клиенттерге берілген несиелер	11,050,732	-	11,050,732	-	(3,150,510)	7,900,222
Өзге қаржы активтері:						
- Өзге туынды қаржы құралдары	281,118	-	281,118	(281,118)	-	-
ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМНІҢ НЕ ҰҚСАС КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖАТАТЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ	30,958,357	-	30,958,357	(19,907,625)	(3,150,510)	7,900,222
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Клиенттердің қаражаты	3,150,510	-	3,150,510	(3,150,510)	-	-
Туынды қаржы құралдары	2,118,613	-	2,118,613	(281,118)	-	1,837,495
ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМНІҢ НЕ ҰҚСАС КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖАТАТЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ	5,269,123	-	5,269,123	(3,431,628)	-	1,837,495

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

39 Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке жатқызу (жалғасы)

Өрі қарай кестеде 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есепке жатқызу туралы заң жүзінде қолданылатын бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ұсынылған:

	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген, өзара есепке жатқызуды орындауға дейін жиынтық сомалар	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген, өзара есепке жатқызудың жиынтық сомалары	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепке жатқызуды орындағаннан кейінгі нетто-сума	Өзара есепке жатқызу туралы бас келісімнің немесе қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген ұқсас келісімдердің әрекетіне жататын сомалар		Таза тәуекел сомасы
				Қаржы құралдары (г)	Алынған ақшалай қамтамасыз ету (е)	
(мыңдаған қазақстандық теңге)	(а)	(б)	(в) = (а) - (б)			(в) - (г) - (е)
АКТИВТЕР						
Банктердегі қаражат	1,922,435	-	1,922,435	(1,922,435)	-	-
Клиенттерге берілген несиелер	39,869,209	-	39,869,209	(2,487,536)	-	37,381,673
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	63,657,373	-	63,657,373	(63,657,373)	-	-
Өзге қаржы активтері:						
- Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	1,558,215	-	1,558,215	(1,558,215)	-	-
- Өзге туынды қаржы құралдары	251,880	-	251,880	(251,880)	-	-
ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМНІҢ НЕ ҰҚСАС КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖАТАТЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ	107,259,112	-	107,259,112	(69,877,439)	-	37,381,673
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Туынды қаржы құралдары	8,650,447	-	8,650,447	(1,810,095)	(1,922,435)	4,917,917
Кредиторлық берешек	2,487,536	-	2,487,536	(2,487,536)	-	-
ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМНІҢ НЕ ҰҚСАС КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТІНЕ ЖАТАТЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ	11,137,983	-	11,137,983	(4,297,631)	(1,922,435)	4,917,917

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте (б) бағанында көрсетілген өзара есепке жатқызу туралы сомасы мыналардан ең аз сома болып табылады: (i) (а) бағанында көрсетілген, өзара есепке жатқызуды орындауға дейінгі жиынтық сомадан, және (ii) өзара есепке жатқызылатын тиісті құралдың сомасынан. Дәл осылайша (г) және (е) бағандарындағы сомалар әрбір жеке құрал үшін (в) бағанында көрсетілген тәуекелмен шектелген, бұл түпкілікті таза тәуекелдің аз бағалануына жол бермеуге мүмкіндік береді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер – 2014 жылғы 31 желтоқсан

40 Туынды қаржы құралдары

Валюталық форвардтық келісімшарттар немесе Холдингінің жасасқан «своп» келісімшарттары бойынша дебиторлық не кредиторлық берешектің әділ құны есептік кезеңнің соңына қарай валюталар бойынша бөлініп, төменде кестеде ұсынылған. Кестеге тиісті есептік кезең аяқталғаннан кейін есеп айырысу күнімен келісімшарттар енгізілген; осы мәмілелер бойынша сомалар кеңінен көрсетілген – әрбір контрагент бойынша позицияларды (және төлемдерді) өзара есепке жатқызуға дейін. Мәмілелердің қысқа мерзімді сипаты бар.

Құрал үлгісі	Мәміленің шартты сомасы	Өтеу мерзімі	Холдингінің жүзеге асыратын төлемдері	Холдингінің алатын төлемдері	Әділ құны Актив	Әділ құны Міндеттеме
31 желтоқсан 2014						
Валюталық-проценттік своп	122,000,000 АҚШ долл.	29.09.19	Тіркелген 3.00% жылдық және 22,222,300 мың теңге өтеу мерзімі түскен кезде	122,000 мың АҚШ долл. өтеу мерзімі түскен кезде	1,431,342	-
Валюталық-проценттік своп	4,880,000 АҚШ долл.	29.09.15	Тіркелген 3.00% жылдық және 889,868 мың теңге өтеу мерзімі түскен кезде	4,880 мың АҚШ долл. өтеу мерзімі түскен кезде	29,998	-
Валюталық-проценттік своп (хеджирлеу құралдары)	240,000,000 малайзиялық ринггит	03.08.17	Тіркелген 4.95% жылдық және 76,093 мың АҚШ доллары өтеу мерзімі түскен кезде	Тіркелген 5.5% жылына және 240,000 мың малайзиялық ринггит өтеу мерзімі түскен кезде	281,118	(2,118,613)
